



1 мамыр, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz



ДАРЫНДЫЛАР ДӘРІПТЕЛУІ КЕРЕК

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарымен кездесуге қатысты. Жобаның жеңімпаздарын құттықтап, олардың өз дарынымен көпшілікті мойындата білгенін, мемлекетімізді өркендетуге айрықша үлес қосып келе жатқанын айтты.

— Қазақтың қандай халық екенін жер жүзіне танытып жүрген бірнеше азамат осы жобаның жеңімпазы атанды. Біз түрлі салада жетістікке жеткен осындай отандастарымыздың еңбегін дәріптеуіміз керек. Өйткені табысты жандардың тәжірибесі — әрдайым басқаларға үлгі-өнеге. Өскеден ұрпақ өздеріңізге қарап бой түзейді, ұқсауға тырысады. Мен еліміздің әрбір перзенті сіздер сияқты өнегелі болсын деп тілеймін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы терең білімін озық тәжірибемен ұштастыра білген азаматтардың елімізді алға жетелейтініне сенімді. Президент Тәуелсіздік кезеңінде өсіп жетілген буынның қарым-қабілетін жоғары бағалады.

— Білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу — бұл аса маңызды мемлекеттік міндет. Еліміздің болашағы дарынды, отаншыл жастардың қолында болуы керек. Солай боларына кәміл сенемін. Осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін жүйелі реформаларды міндетті түрде жалғастырамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент қоғамдағы бірлік пен келісімнің, барша қазақстандықтардың жасампаз еңбегінің арқасында дамуда айтарлықтай алға ілгерілегенімізді атап өтті.

— Бұл жерде біздің жетістіктерімізді көрсететін көптеген сандар мен деректерді мысалға келтіруге болады. Бірақ барлық табыс адамдардың берекелі өмірімен, жеткен жетістігімен және кемел келешекке ұмтылысымен өлшенетінін есте ұстауымыз керек. Сіздер еліміздің байлығы екендеріңіз сөзсіз. Өсіп-өркендеген, әділетті, дамыған Қазақстанды құру сіздерге жүктеледі. Сондықтан адам капиталын жан-жақты дамыту біздің мемлекетіміздің басты басымдығы болған және солай бола бермек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Осы уақытқа дейін «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына 7,5 мың адам қатысып, еліміз талай талантты, талапты қазақстандықтардың атын таныды.

— Осы жобаның арқасында өзінің ерекше емдеу тәсілімен көптеген адамға перзент сүю бақытын сыйлаған дәрігер-репродуктолог Айдос Ибрагимовты бүкіл еліміз таныды. Жобаның 2019 жылғы қатысушысы Иманбек Зейкенов жақында ғана «Grammy» сыйлығын жеңіп алып, оның аты бүкіл әлемге жайылды. Оның жетістігі тек Қазақстан үшін ғана емес, ТМД үшін де теңдесіз. Жобаның төртінші маусым жеңімпаздарының жетістіктері де ешкімді бейжай қалдырмайды, — деді Мемлекет басшысы.

Жобаның әрбір қатысушысына қарата айтқан сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев олардың жетістігі Қазақстан табысының көрінісі екенін, олар өздерінің патриоттық әрекеті арқылы барша қазақстандықтарды ынталандыратынын атап өтті.

— Сіздердің жетістіктеріңіз кез

келген статистикадан артық. Осынау керемет жоба сіздерді одан әрі дамуға ерекше талпындырып, қоғам мен ел игілігі үшін жаңа идеяларды іске асырудың кең көкжиектерін ашты деп сенемін. Еліміз өзінің дарынды жастарының көптігімен мақтана алады және мақтануға тиіс. Қазақстанның болашағы сіздердей прогрессивті, талантты, патриот жастардың қолында. Сіздер мемлекеттің басқару тізгінін қолға алуға дайын болуларыңыз керек. Ал біз, яғни аға толқын, осы айтқан сөзіміздің шындыққа айналуы үшін барлығын жасаймыз, — деді Президент.

Мемлекет шығармашылыққа, білім мен ғылымға, жастарды қолдауға баса назар аударып отыр. Осы жолда тиімді әлеуметтік лифт қалыптастырудың орны бөлек. «Болашақ» халықаралық стипендиясы, Президенттік жастар кадрлық резерві өскеден ұрпақтың ел дамуына өз үлесін қосуына мол мүмкіндік беріп отыр.

— Біздің ұлтымыздың бойында креативті индустрияны дамытудың

аса зор мүмкіндігі бар. Дәл қазір креативті экономика — миллиардтаған доллар инвестиция тартудың, тұрақты экономикалық өсудің, әлеуметтік өркендеудің бірден-бір жолы. Қазақстан мәдениетінің өкілдері өңірлік және жаһандық деңгейде өз орындарын ойып тұрып алып жатыр. Біз осы мүмкіндікті еліміздің мәдениетін әлемге танытудың жолы ретінде қарастыруымыз керек. Сондықтан мен Үкіметке осы стратегиялық маңызды саланы қолдау үшін кешенді шаралар қабылдауды тапсырдым, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, креативті индустрияны дамытудың тиімді бір тәсілі ретінде заманауи қазақстандық айдентиканы қалыптастыру қажет.

Президент жоба қатысушыларының идеясы мен ұсыныстарын іске асыру үшін оларды орталық мемлекеттік орган басшыларымен жүйелі түрде кездестіріп тұру қажет деп санайды.

— «Жүз жаңа есім» жобасы қазақстандық арманның анық іске асқанын көрсетеді. Әрбір талантты, еңбеккер, мақсатшыл адам осы заманның батыры және ұлт мақтанышы бола алады. Сіздер сияқты табысты азаматтар неғұрлым көп болса, еліміздің бәсекеге қабілеті соғұрлым арта түседі. Халқымыздың мерейі де үстем болады. «Жүз жаңа есім» жобасының мақсаты да — осы. Қазіргі заман — білім мен ғылымның дәуірі. Санасы сергек, ойы ұшқыр жастарды ел үшін аянбай еңбек етуге шақырамын. Бұл сіздердің қолдарыңыздан келеді. Мен Қазақ елінің жастарына сенемін! — деді Мемлекет басшысы.

Онлайн форматта өткен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарының кездесуінде ерікті-студент Дарын Әбілжанов, ғалым, адамдар мен жануарларға вакцина әзірлеуші Қайсар Табынов, IT-маман, робот техникасы мектебінің негізін қалаушы Дамир Нұржанов, химия пәнінің жас оқытушысы Ұлан Үсенов, сызу пәнінің мұғалімі, өз ауылында көпір салу бастамасын көтерген Ахат Рақышев, инженер-өнертапқыш Санжар Тайжан, АҚШ-тың хоккей клубына бас бапкер болған тұңғыш қазақстандық қыз Бүлбүл Қартанбай, эколог Екатерина Вибе, сондай-ақ, ақын, әлем әдебиетін қазақ тіліне аударып жүрген Серікжан Қажытай сөз сөйледі.

akorda.kz

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтауы

Қымбатты жерлестер!

Сіздерді бірлік пен келісімнің, татулық пен достықтың мейрамы — 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке — Отанымызға деген сүйіспеншілік пен қазақстандық патриотизмнің, елге деген адалдық пен азаматтықтың жарқын көрінісі.

Тұңғыш Президентіміз — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «Мәңгілік елдің алтын діңгегі — береке мен бірлік!»

Ел бірлігі — асыл сөз. Бірлігі жарасқан елдің тірлігі төрге озады.

Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан жағдайларды сараптай қарасақ, бейбіт өмір мен тыныштықтың қадірі арта түсері анық.

Осы ретте, көптеген этностың ортақ шаңырағына айналған Қазақ елі бейбітшілік пен келісімді сақтау арқылы әлемге үлгі болып келеді.

Кешегі кеңестік қуғын-сүргін кезінде көптеген ұлт өкілдері қоныс аударуға мәжбүр болып, Қазақстанды паналады. Қазақ халқы оларды жатсынбай, дархан пейілін көрсетіп, қамқор құшағын айқара ашты, туған үйіндей бола білді.

Биыл — Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады», — деген еді.

Осы ретте өңіріміздегі 35 этнос өкілі берекелі бірлік пен қоғамдық келісімнің нығаюына атсалысып, ұлттық, рухани құндылықтар мен салт-дәстүрдің, мәдениеттің сақталуына, мемлекеттік тілдің өркендеуіне зор үлес қосуда.

Жұдырықтай жұмылған бірлігіміздің арқасында күрделі кезеңдегі қиындықтарды қайыспай көтеріп, қуанышсызды қылдай бөлісіп, ырысты ынтымағымыз бен тату тірлігімізді танытып келеміз.

Қадірлі жерлестер!

Хакім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», ұрпағына қалдырған асыл сөзі қазақ халқының ғана емес, бүкіл әлемнің айтып жүрер ұраны болғандай.

Бір-бірімізге деген құрметіміз шынайы, жүрегіміз мейірімді, пейіліміз кең болсын!

Сіздерге денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға бақ-береке тілеймін!

Әрқашан халқымыз аман, еліміз тыныш болсын! Тәуелсіз Қазақстанымыз жасай берсін!



Конституциямыздың өзі «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы» деп басталады. Бұл көпұлтты мемлекетіміздің татулық пен бірлікке негізделген ұстанымын танытады.

Қазақ — қашаннан-ақ ықыласы ауған адамға атын түсіп беретін

Кенес дәуірінде еңбекшілердің таптық мерекесі болған 1-мамыр тәуелсіз еліміздің тарихында жаңаша сипатқа ие болды. «Қазақстан халқының бірлігі күні» деген мазмұнда жалғасын тауып, көптіосты елдің тыныштығы мен татулығының нышанына айналды.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ЫРЫС АЛДЫ — ЫНТЫМАҚ

жомарттығы өз алдына, «құдайы қонақ» дәстүрін ұстанып, қайырымдылық қағидатынан аттамаған ел.

Тарихтан білетініміздей, ашаршылық пен саяси қуғындау жылдары қазақ өзінің жүнжіп, жүлгеленіп кеткеніне қарамастан,

өзгенің де қайғысына қабырғасы қайыса ортақтаса білді. Сол заманда қазақ даласын паналаған босқын жұрт жомарт елде мәңгілікке тұрақтап қалды, өсті-өнді, ұрпақ жалғастырды.

3-бет

ДОСТЫҚТЫҢ БЕРІК ДІҢГЕГІ

Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай облыстық ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыруымен «Достық үйінде» дөңгелек үстел өтті. «Достық. Береке. Бірлік — Тәуелсіздік кепілі» атты салтанатты жиынға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл, ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, жоғары оқу орындарының басшылары, көрнекті ғалымдар, қала және аудандардағы зиялы қауым өкілдері бейнебайланыс арқылы қатысты.

Жиын қорытындысы бойынша қарар қабылданды.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



4-бет

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



1 МАМАҒЫР

• 1992 жылы Алматыда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев және Түркияның Премьер-Министрі Сүлеймен Демирель Бірлескен коммунистеге қол қойды.

• 2010 жылы Италиядағы Триест қаласының әскери зиратында 104 кенес сарбазын еске алуға арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы өтті. Қаза тапқан жауынгерлерді іздегіру туралы бастаманы соғыс ардагері, қазақ жазушысы Қалмақан Исбайы көтерген.

• 2014 жылы Силикон алқабында (АҚШ) өткен байқауда қазақстандық өнертапқыштар iPad және iPhone-ға арналған мобильді қосымшаны таныстырды.

• 2015 жылы Алматыда 687 келі лагман пісіріліп, бұл көрсеткіш Гиннестің рекордтар кітабына тіркелді. Әлемдегі ең үлкен «Достық» деп аталатын лагманды Ұйғыр мемлекеттік драма және комедия театрында 30 аспаз әзірледі.

• 2019 жылы Алматы қаласындағы Каспий университетінің студенттік командасы Age of business ойын түрін ойлап тапты. «Age of Business» («Бизнес дәуірі») - бизнес-процесс элементтерінен және қаржы, экономика, инвестиция жөніндегі викториналық сұрақтардан құралған үстел ойыны.

• 2019 жылы «Әміре» (Paris song) кинокартинасы АҚШ-тың Вирджиния штатында өткен халықаралық фестивалда (Richmond International Film Festival) бірден екі аталым бойынша жеңімпаз атанды.

2 МАМАҒЫР

• 2006 жылы Мойнақ су электр стансасының құрылысы басталды.

• 2012 жылы Өскеменде Қазақстанда алғашқы Достық үйінің ашылғанына 20 жыл толуына орай, стелла орнатылды. Достық үйінде орнатылған стеллада қолында шаңырағы бар қазақтың ұлттық киімін киген әйел бейнеленген. Оның биіктігі 12 метр, ол композит материалдан жасалған.

• 2014 жылы Түркістанда жаңа тарихи-этнографиялық орталық ашылды. Онда туристер халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдармен таныса алады. Аталған бұйымдар ежелгі замандағы дүниелерге ұқсас етіп жасалған.

• 2018 жылы Қостанай облысымен шекарада орналасқан Ресейдің Челябинск облысы Троицк қаласында қазақ диаспорасының «Айқап» ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестігі құрылды.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

30 жылдық мерейтойымен құттықтады

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова тәуелсіз еліміздің ақпараттық кеңістігінде өзіндік орны бар «Qyzylorda» телеарнасының құрылғанына 30 жыл толуына орай кездесу өткізіп, мерейтой иелерін құттықтады. Кездесуге телеарнаның қалыптасуына үлес қосқан ардагер журналистер, сала мамандары қатысты.

Аймақ басшысы ақпараттық саясатты жетілдіруде өңірдің өркенді істері мен айшықты оқиғаларынан өзекті хабарлар әзірлеп, көзі қарқты көрерменге шынайы әрі жедел хабар таратуда «Qyzylorda» телеарнасының үлесі зор екенін атап өтті. – «Qyzylorda» телеарнасы – журналистикадағы жаңа тенденцияларды өндіріске батыл енгізген жетекші арналардың бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді іске асыруда тікелей эфирде әлеуметтік-саяси мәселелерді қозғайтын «Әкежарды» бағдарламасы, сан алуан тақырыпты қамтитын «Өмірдің өзі» әлеуметтік ток-шоуы, апталық «Үштаған» ақпараттық-сараптау бағдарламалары көрермен кө-



зайымына айналып, телеарнаның оң имиджін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосуда. 30 жыл ішінде телеарна көзі қарқты көрермен алдындағы миссиясын адал атқарып, шынайы әрі жедел хабар тарату қағидасын басты назарда ұстап келеді. Алдағы уақытта да телеарна билік пен қоғам арасындағы бірлікті сақтай отырып, ұлттың рухани жаңғыруына үлес қоса беретін деген сенімдеміз, – деді облыс әкімі.

Кездесуде облыстық телерадиокомпанияда түрлі қызметтер атқарып, 16 жылдан бері іскер де білікті, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан телеарна

директоры Жағыппар Қарабала сөз алып, телеарнаны дамытуда мемлекет тарапынан қолдаудың жоғары екенін айтты, үлес қосқан кәсіби мамандардың еңбегін ерекше бағалады. Сондай-ақ, телеарнаның түлегі, «Қазақстан» РТРК» АҚ аймақтық хабар таратуы дамыту департаментінің директоры Арсений Дүйсенов, телевизия саласының негізін қалаушы тұлғалардың бірі, журналистика ардагері Айтқұл Шалғынбаева телеарнаның қалыптасу кезеңіндегі ерекше сәттерге тоқталып, әсерлі естеліктерімен бөлісті.

Кездесуде облыс әкімі телеарнаны дамытуда өзіндік

үлес қосқан, халыққа шынайы ақпарат жеткізуде ерекше қолтаңбасы бар журналистерге құрмет көрсетті.

Облыстың Құрмет грамотасы телекөндірғыларға қызмет көрсету жөніндегі инженер Жәнібек Жұмановқа, шеф редактор Бекзат Есқалиевке табысталды. Ал, режиссер Гүлшара Мамбетова, персонал жөніндегі менеджер Дина Елеу, бөлім басшысы-жауапты шығарушы Әсемгүл Тапалова, телеарна іргетасын қалаған маман Зина Есмаханова, репортер, редактор-жүргізуші Арсений Дүйсенов, ардагер-журналист Айтқұл Шалғынбаева облыс әкімінің «Алғыс» хатымен марапатталды. «Qyzylorda» телеарнасы – республикалық филиалдардың ішінде халық шығармашылығын дамыту, жергілікті музыкалық контентті қалыптастыру бағытында арнайы телебайқаулар мен фестивальдар өткізіп келе жатқан бірден-бір арна.

1991 жылдың 30 сәуірінен бастап телеарна көгілдір экраннан жанаалықтар тарата бастады. Ал, 2009 жылдың тамыз айынан бастап телеарна республикада алғашқылардың бірі болып, облыс аумағына тәулігіне 15 сағат көлемінде хабар таратуда көшті.

30 жылдық мереке қарсаңында «Qyzylorda» телеарнасы заманауи телестудияда жаңалықтар таратуда.

Элизабет – ел мақтанышы

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мәнерлеп сырғанаудан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Элизабет Тұрсынбаеваның кездесті. Жылы шұрайлы жүзделуге спортшының ата-анасы Байтақ Тұрсынбаев пен Падишакан Сұлтаналиева қатысты.



Элизабет Тұрсынбаева Сыр еліне мәнерлеп сырғанаудан өтетін республикалық турнир аясында келіп отыр.

Аймақ басшысы ел мақтанышына айналған әйгілі Элизабет Тұрсынбаеваның жетістіктерін атап өтіп, Сыр елінің сапалы спортшыға деген құрметі ерекше екенін жеткізді.

– Қадірлі Элизабет, өзіңнің спорттық шеберлігің мен табандылығыңның арқасында еліміз халықаралық аренада жарқын жетістіктерге жетіп келеді. Сенің жеңісінді тек жерлес қызылордалықтар ғана емес, тұтас Қазақстан мақтан етеді. Әлемдік спортта ересектер арасындағы сайыста төрт айналымдық салховты сәтті орындаған тұңғыш мәнерлеп сырғанаушы ретінде тарихта қаласың. Бұл – біз үшін биік бедел, мерей-мәртебе.

Спортшы үшін ең бастысы – алға қойған мақсатқа нәтижелі жету. 2019 жылы Жапонияның Сайтама қаласында мәнерлеп сырғанаудан өткен Әлем чемпионатында күміс медальді иеленген сенің жетістігің – Қазақстанды әлемге танытқан ерекше спорт оқиғасы болды. 2022 жылы Пекинде өтетін Олимпиада ойындарында ең жоғары дәрежедегі медальға қол жеткізіп, тәуелсіз Қазақстанның әнұраны бүкіл әлемде шырқалса деймін, – деді облыс әкімі.

Кездесуде Элизабетке қолдау көрсетіп, ата-аналық парызымен бірге жаттықтырушылық қызметін атқарып жүрген әкесі Байтақ Тұрсынбаев сөз алып, ілтипат танытқан барша Сыр жұртына алғыс білдірді. Элизабеттің алдағы жоспарлармен бөлісті. Сондай-ақ, мәнерлеп сырғанау спортына жастардың қызығушылығы артып келе жатқанын айтты.

Облыс әкімі спортта ел байрағын әлем елдерінде биікке көтеріп жүрген Элизабетті өмірге әкеліп, бойындағы талабы мен қабілетін танып, қанаттандырған анасы Падишакан Беймұрызакызына Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады. Ал, Элизабетке сый-сияпат жасап, ілтипат танытты.

Айту қажет, Сыр елінде Элизабет Тұрсынбаеваның құрметіне арналған республикалық турнир басталды. Ел мақтанышының жүлдесіне арналған биылғы жарыс Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы аясында өтіп отыр. Турнирге 10 облыстан 200-ге жуық жасөспірім қатысады. Дәстүрлі жарыс өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін арттырып, көптеген баланы мәнерлеп сырғанау спортына, салауатты өмір салтына ынталандыруға жол ашады.



Селекторлық кеңесте талқыланды

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Табақ шыны өндіру және өңдеу» зауытына барып, құрылыс жұмыстарын тексерді. Жобаның жетекшісі – «Orda Glass Ltd» ЖШС.

Зауыт құрылысы 80,23% аяқталған. Қалған негізгі жұмыстар – жоғары білікті инженерлерді тартуды қажет ететін балқыту ваннасы мен пештің жабдықтарын орнату. Алайда, бұл жабдықтарды орнататын мамандар елімізде болмау себебінен, шет елден шақырту қажет. Аталған жұмыстарды аяқтау үшін техникалық ерекшеліктер 4 айды және +10°C-тан жоғары жылы режим жағдайларын қажет етеді.

Облыс әкімдігі сыртқы инженерлік инфрақұрылымды жеткізу бойынша жұмыстарды орындады. Атап айтсақ, газ құбырының екі тармағы және сумен жабдықтау, электр желісі, автожол және байланыс жұмыстарын жүргізді. Темір жол түйіңінің құрылысы жуырда аяқталады деп күтілуде.

Мұнан кейін облыс әкімі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың төрағалығымен селек-

торлық режимде өткен «Табақ шыны өндіру және өңдеу зауытын салу» жобасын іске асыру мәселелері жөніндегі селекторлық кеңеске қатысты. Онда жоғарыда аталған жұмыстар бойынша атқарылған істі атап өтті.

Сондай-ақ, селекторлық жиында «Orda Glass Ltd» ЖШС басқарма төрағасы Ержан Сағымбаев есеп беріп, министр Бейбіт Атамқұловтан осы жылы зауытты уақытылы іске қосу үшін ҚР СІМ арқылы қажетті жабдықтарды республика аумағына әкелуге рұқсат алуға жәрдем көрсетуді сұрады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі қолдау жұмыстары қарастырылатынын айтты.

Селекторлық жиын соңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова шыны зауытының құрылыс жұмыстары тікелей бақылауында болатынын айтты.

Ветеринария: Жауапсыздыққа жол жоқ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен ветеринария саласы бойынша жиын өтті. Онда облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов пен облыстық ветеринария басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әнуарбек Дармағамбетов атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Осы жылы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына 1 235 645 бас мал тіркелді. 2019 жылмен салыстырғанда 7,6 % өсім бар.

2018 жылы жануарлар арасындағы аса қауіпті аурулар саны 14 болса, қазіргі таңда 16-ны құрап отыр. Аса қауіпті аурулардың алдын алу үшін жануарларға егілетін препараттар саны да өсуде. 2021 жылы облысқа 16 түрлі ауруға 6,3 млн доза препарат қаралған. Оның қазіргі күні 3,9 млн дозасы жеткізіліп, 1,7 млн-сы егілген.

Биылғы 4 айда энзоотиялық ауруларға қарсы 62,8 мың мал басына дәрі егілсе, алдағы уақытта 552,1 мың басқа егу жоспарлануда.

Соңғы үш жыл көлемінде барлығы 3 млн 400 мың мал басына диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде 427 мал басынан бруцеллез ауруы анықталып, барлығы санитарлық талапқа сәйкес сойылған.

Облыста барлығы 145 мал қорымы бар. Оның ішінде 90-ы типтік жобада, 55-і қарапайым түрде салынған.

Сондай-ақ, жиында қаңғыбас иттер мен

мысықтарды аулау мәселесі де қаралды. Есептеулер бойынша, облыста 36 мыңға жуық ит, 11 мыңға жуық мысық бар. 2021 жылдың 4 айында 8502 бас ит пен мысық ауланған. Әсіресе, бұралқы иттер мен мысықтар Қызылорда қаласында көп. Осы орайда, арнайы ит аулау топтарының жұмысы күшейтілуде.

Жалпы облыста 2021-2023 жылдарға арналған ветеринария саласын дамыту Жол картасы қабылданып, тиісті жұмыстар атқарылууда.

Алдағы 3 жылдықта 139 ветеринариялық пунктке «Нива» автокөліктерін алу көзделіп отыр. 2021 жылға 15 автокөлік сатып алу үшін 66 млн теңге қаржы бөлінген.

Авариялық жағдайға ұшыраған 4 ветеринариялық пункт (Арал-2, Қазалы-1, Жалағаш-1) ғимараттарын қайта салу жоспарлануда. Қазіргі таңда ЖСК әзірлеуге 9,9 млн теңге қаржы бөлінді.

2021-2023 жылдары 24 типтік жобадағы мал қорымдарын салу жоспарланса, биыл 7 (Арал-5, Қазалы-1, Жанақорған-1) мал қорымы құрылысының ЖСК әзірлеуін облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасына тапсырылған.

Облыс әкімі жиында эпизоотиялық тұрақтылықты сақтауды, ветеринариялық дәрігерге кететін нормативтік жүктемені бекітіп, аудандардағы ветұйымдардың жұмысын жүйелі ұйымдастыруды және қаңғыбас иттер мен жабайы мысықтарды аулау функцияларын бәсекелестік ортаға беру үшін ұсыныстар әзірлеуді жүктеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ЖОЛ КАРТАСЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МЕЖЕ

– Ләйла Бегалықызы, «Nur Otan» сайлаудан кейін бір ай ішінде өзінің сайлауды бағдарламасын іске асыру бойынша әр жылға нақты көрсеткіштері бар облыстық Жол картасын әзірледі. Бұл туралы өзінің бздің газет тілшілеріне берген сұхбатыңызда егжей-тегжейлі айтып берген едіңіз. Жол картасының орындалу барысы қалай?

– Орынды сұрақ. Өздеріңізге мәлім, партияның сайлауды бағдарламасының басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту. Бүгінгі күні оның жүзеге асырылуы белсенді және оның алғашқы есебі жартыжылдың қорытындысымен шығарылады. Дегенмен, алдын ала барлық бағыттар бойынша көптеген мәселелерді шешуге негіз қаланды деп нық сеніммен айта аламыз.

Жұмыстың нәтижелі әрі сапалы орындалуына партияның облыстық филиал төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен Жол картасының әрбір іс-шарасының орындалуына жауапты болып бекітілген партияның облыстық мәслихаттағы фракция мүшелері үлестерін қосуда. Аймақ басшысы жоспарланған шаралардың уақытылы және сапалы орындалуын күнделікті өз бақылауында ұстап отырса, фракция мүшелерімен, барлық басқармалармен жиындар өткізіліп, облыстық Жол картасының республикалық картамен және өңірді дамытудың бағдарламасымен сәйкестігіне мұқият талдау жүргізілді. Нәтижесінде, біз Жол картаның іске асырылуы бойынша қандай қиындықтар бар екенін алдын ала анықтап алдық.

– Қай бағыттағы шараларға бірінші кезекте қаржы бөліп, оларды жүзеге асыруға басымдық беріп отырсыздар?

– Дұрыс айтасыз. Негізгі басымдық денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үймен қамту, елді мекендерді газдандыру, ауызсу, жол секілді инфрақұрылымдық жобалар мен бағаны тұрақтандыру шараларына беріліп отыр. Сайлауды бағдарламада медициналық көмектің сапасын арттыру, оның ауылдық жерлерде қолжетімді болуын және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету белгіленген. Сонымен бірге, бүгінгідей пандемия кезеңінде бұл жұмыстар кезек күттірмей жедел орындалуы тиісті екені назарға алынып, дәрілік заттардың резервін қамтамасыз етуге, медициналық ұйымдарды 2 компьютерлік томографиямен және басқа да медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандыруға қажетті қаражаттар қаралды. Сондай-ақ, ауылдық елді мекендердегі ғимараты ескірген 8 дәрігерлік амбулаторияға жаңа ғимарат құрылыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлеуге қаржы бөлінді.

– Бүгінгі күнге Жол картасында жоспарланып, құрылысы басталған немесе пайдалануға берілген нысандар бар ма?

– Әзірге білім беру саласында алғашқы нәтижелер бар. Атап айтсақ, 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту үшін, сондай-ақ, өңірде өсіп келе жатқан бұлдрыштар саны ескеріліп, бүгінгі күні 1 балабақша іске қосылды және жыл соңына дейін тағы 3 балабақша пайдалануға берілді.

Білім беру процесінде мектептердің материалдық-техникалық базасы мен педагог кадрлар біліктілігінің алатын орны ерекше. Осыған орай бүгінгі күні 5 мектептің құрылысы басталып, 1 мектепке кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Мектептерді пәндік кабинеттермен 88% жарақтандыруға да қажетті қаражат қаралды. Республикалық бюджеттен педагогтар мен оған тенеірілген қызметкерлердің жалақысын ұлғайтуға қаржы жоспарланды.

– Ләйла Бегалықызы, бағдарламаның жеті бағытының алғашқысы – «Экономикалық тұрғыдан тұрақты аймақ». Осы ұғым, критерийлері туралы түсіндіріп беріңізші?

– Экономикалық тұрақты дамуға қол жеткізу – әлемнің барлық елдерінің алдында тұрған өзекті проблемалардың бірі. Мұнда қоғамның теңгерімді, үйлесімді дамуы, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарға ұтымды көзқарас туралы айтылып отыр. Бұған қол жеткізуге адами даму индексінің, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің, жұмыспен қамтыудың өсуі, сапалы білім алу мен адамдардың денсаулығын сақтау үшін жағдайлардың жақсаруы ықпал ететіні анық. Облыстың әр ауданының Жол карталарында осы мәселелерге басымдық берілген. Яғни, азаматтардың саналы, белсенді қатысуынсыз тұрақты даму мақсаттарына ғана емес, өзге де индикаторларға қол жеткізу мүмкін емес. Қарапайым мысал: барлығымыз оранды экологиялық таза аймақта өмір сүргіміз келеді. 2025 жылға дейін өңірдегі жасыл желектер санын арттыру мақсатында облыс бойынша 501,7 мың ағаш екпелерін отырғызу көзделген. Бұл жұмыстарға барлығымыз белсенді қатысуымыз

Халықтың әл-ауқатын арттыру мен өңірді дамытуға негізделген жетекші партияның сайлауды бағдарламасын жүзеге асыруға арналған Жол картасының әзірленгеніне де біршама уақыт болды. Осы орайда «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, облыстық мәслихаттағы депутаттық фракция жетекшісі Ләйла Төрешовамен әңгімелескен едік.

қажет. Сонымен қатар, қалдықтарды өңдеу және қалғате жарату үлесін 5 жылда 23,6 %-ке дейін ұлғайту жоспарланды. Қалдықтарды қалғате жарату проблемасын шешу бағытында қала аумағындағы қоқыс өңдеу полигонының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

– Жол картасында нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын несиелер беру мәселелері қарастырылған...

– Бұл бағыттағы шаралар жұмыссыздық деңгейін төмендетуді және әлеуметтік қолдау шараларын көздейді. Осылайша, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын көрсетуге, кәсіптік және кәсіпкерлік негіздерін оқытуға, микрокредиттер мен гранттар беруге қаржы қаралды. Осы жылдың 1 сәуіріне 2172 тұрақты жұмыс орындары құрылды, 598 грант және 79 азаматқа шағын несие берілсе, 617 әлеуметтік жұмыс орындарына, 722 жастар тәжірибесіне, 6561 қоғамдық жұмыстарға жолдамалар берілген.

– Шағын несие демекші, қазір шыны керек, екінші бірі бизнес ашудан үмітті. Жол картасы аясында қолдау тапқан жобалар бар ма?

– Қызылорда қаласында шағын несиелер беру мақсатында 2021 жылға республикалық бюджеттен 278,5 млн теңге қарастырылды. Қосымша 750 млн теңге қаржы бөлу туралы ұсыныс берілген. Мұнан бөлек 2021 жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында облыстың аудандарына қарасты кент, ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлердің 360 жобасына 5 764,4 млн теңге жеңілдетілген шағын несие табысталды. «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы құны 7,3 млрд теңгеге 598 жоба қаржыландырылып, оның ішінде 1,3 млрд теңгесін құрайтын 322 жоба әйелдер үлесіне қарастырылды.

– Тұрғындарды көп толғауыратыны – елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту. Бұл тұрғыда партияның пәрмені қандай?

– Жалпы инфрақұрылымдық жобалар бойынша Қазалы қаласы, Жосалы, Жалағаш кенттері және Шиелі ауданының Қоңаанов, Бекежанов елді мекендерін газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Сексеуіл кенті мен Жанақорған ауданының Бірлік, Қыраш елді мекендерін газдандырудың жобасыметалық құжаттарын әзірлеуге қаржы қаралды. Биыл Байқоңыр қаласының көріз желісін қайта жаңарту жұмыстары басталады. Қаланың ауызсу жүйесін қайта жаңарту жобасының сараптамасына қаржы бөлінді. Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 13 шақырымы қайта жаңартудан және 203 шақырымы күрделі және орташа жөндеуден өткізілді. Ауылдық елді мекендердің 37,5 шақырым көшелері және 5 көпір жөнделеді. Бұл жұмыстарға қажетті қаржылар негізінен қаралған.

– Ауыл шаруашылығы қай кезде де маңызды. Мұнда әсіресе ауыл тұрғындарының табысын арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету өзекті болып тұр. Қандай бастамалар бар?

– Қармақшы ауданында қуаттылығы жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасының құрылысы салынуда. Қазіргі уақытта әкімшілік және бақылау-өткізу пункт ғимараттарының, 6 құс цехының металл конструкциялық жабдығының құрылысы және фабриканың аумағын толық қоршау жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, құс сою цехының іргетасы қаланып, инкубациялық цехтың құрылысы 80% орындалды. Ендігі кезекте фабриканың құрал-жабдықтарын сатып алуға әрекет жасалауда. Ал, Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 5 мың тонна ет өндіріп, экспортқа бағыттайтын халықаралық стандартқа сай ет комбинаты салынуда. Жобаның жалпы құны 1006,0 млн теңге.

Арал ауданында «Қазақстан Аквакультура ЛТД» ЖШС-нің қуаттылығы жылына 4000 тонна балық өндіруге және өңдеу зауытын мамыр айында іске қосу жоспарланып отыр. Жасиратыны жоқ, бүгінде азаматтарды толғандыратын мәселелердің бірі – тұрақты жұмысқа орналасу. Міне, осы жобалар іске қосылғанда жұмыссыздықты еңсеруге үлес қосады.

Жалпы, облыстық сайлауды бағдарламаны жүзеге асырудың Жол картасында алдағы 5 жылда 611 көрсеткіш және 1776 іс-шараны орындау көзделген. Бұларды жылдарға бөліп айтар болсақ, 2021 жылы сайлаудың бағдарлама 21,7%-ке, 2022 жылы – 20,4%-ке, 2023 жылы – 19,8%-ке, 2024 жылы – 17,4%-ке және 2025 жылы 20,7 %ке орындалады деп күтілуде. Жол картасының орындалуы туралы ұдайы ақпарат ұсынылып тұрады.

Әңгімелескен
Ғазиза ӘБДІЛА,
«Сыр бойы»

Ырыс алды – ынтымақ

Осы кезеңде ең алдымен «бірлік болмай – тірлік болмайды» деген халық даналығын ойға алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын көтерді. Бұл туралы 1992 жылы тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтқан. 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлық шығарды.

2007 жылы мамырда Қазақстан Конституциясына бірқатар өзгеріс енгізілген тұста Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. 2008 жылы 20 қаңтарда «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы заң қабылданды. Міне, осылайша, еліміздегі 130 ұлттың бір шаңырақ астында, бір шаттық үстінде ерікті өмір сүруіне ерекше мән берілді.

Ассамблея ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылымға айналды. Бүгінде бұл құрылым әрбір ұлтқа өзінің салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық жасап отыр. Осының бәрі Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс таңдап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болғанын ашық айтуымыз абзал.

Тәуелсіздіктің орнығуының ең қиын жылдарында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Пре-



зиденті Н.Назарбаевтың қайраткерлігі нәтижесінде Қазақстанда этносаралық татулық пен қоғамдық келісім тұрақты түрде сақталды. Осындай ұлттың дархан мінезі, тұлғаның салиқалы саясаты бар қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қоғамдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды. Сондықтан еліміз саяси тұрақтылық, қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық татулықты орнату жөнінен әлемдік қоғамдастық тарапынан оң баға иеленді. Қазақстанның қарыштап дамуына да ең алдымен ұлтаралық саясаттағы осы бір тұрақтылыққа негізделген қағидаттың ықпалы зор болды. Мемлекеттің эконо-

микалық өсуі, әлеуметтік ілгерілеуі, демократиялық дамуы – қоғам бірлігі ұйысқан және сақталған жағдайда ғана жүзеге асатыны айқын аксиома.

Шындығына келгенде, еліміздегі татулық пен бірліктің басқаға емес, ең алдымен қазақтың өзіне қажет екені де түсінікті. Бұл мәселені ҚХА жиындарының бірінде Н.Назарбаевтың өзі де тілге тиек етті. «Ассамблеяның ең басты міндеті еліміздегі қоғамдық келісім болып саналады. Ал, ұлтаралық татулық мәселесі – Ассамблеяның сан қырлы қызметінің бір парасы ғана. Қазақстандағы қоғамдық келісімнің алдымен қазақтың келісімі екенін мықтап есте ұстағанымыз

абзал. Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде ең алдымен қазаққа керек» деген еді Елбасы.

Ақиқатында солай, 1 Мамыр мерекесі – ел іргесінің бекемдігі мен халық бірлігін одан сайын нықтап, сол арқылы Қазақ елі тірлігінің берекелі болуына жол ашатын жарқын мереке.

Жыл сайын 1-мамырда Қазақстанда тұрып жатқан 130-дан астам этнос өкілдері киелі жерде тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды. Жаппай патриоттық шерулер өтеді. «Достық» атты шуақты шаңыраққа шоғырланған әрбір ұлттық-мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билейді.

Қазақтың домбырасы, украинның бандурасы, өзбектің дутары, ұйғырдың ситары, шешеннің шиедағы, тәжіктің гиджагі – бір орманның құстарындай қосыла сайрағанда аспан асты сұлулыққа малынады. Дәстүр мен салт көріністері көз арбап, көңіл-күйді шалқытады. Түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылып, делебе коздырады, бәсекеде достық жеңеді.

Былтыр мен биыл әлемдік пандемияға байланысты мұндай сән-салтанат тоқтап тұр. Дегенде, көп халықтың бірлігі мен тірлігі тоқтаған жоқ, оған біздің берік қалыптасқан ынтымағымыздың сұлу ырғағы себепші, әрине. Еліміздегі тұрақтылық тұғырымызды

биіктетіп, бейбіт өмірдің берекесі күн сайын арта түсуде.

Жақында ғана елордада «Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы» деген атпен өткен ҚХА-ның кезекті сессиясында Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев: «Мен халықтың бірлігі мен қауіпсіздігін, тұрақтылық пен тыныштықты әрдайым бірінші орынға қойып келдім. Бірақ кейбір оппозиционерлер осы үшін мені сынады: неге үнемі тұрақтылық, тыныштық деп айта береді дегенін талай естідім. Сонда не, тұрақсыздық жаксы ма? Біз тұрақсыздықтың не екенін көріп отырмыз. Төңкерістен төңкеріс, соғыстан соғыс, мемлекет дамымайды, бәрінен артта қалып қояды. Тұрақтылық, азаматтардың тыныштығы әрбірімізге байланысты», – деп атап өтті.

Жасыратыны жоқ, «біткен іске сыншы көп» дегендей, елдің тұрақтылығы мен ынтымағына алыпқашты сөз қосатындар да табылады. Дегенмен, менің атымның алдына түспе, өзім озаым деп өзүрейтіндердің сөзі іргесі берік достықтың тінін сөге алмаса керек. Қазақ атамның өзі: «Ырыс, қайда барасың, ынтымаққа барамын» деп өсиет қалдырып еді ғой. Ендеше, ынтымақтан артық байлық жоқ. Жаратушы неміз не үшін сан түрлі ұлт жаратты, не үшін әртүрлі тіл жаратты? Барлық адамды орыс не қытай, тіпті қазақ қылып жаратам десе де құдіреті шексіз емес пе?

Әртүрлілік – әлемнің әдемілігі, ал, біздің еліміз әдемілікті жарқырата ұстап, жарастыра дәріптеп келеді.



Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы – өркениетті ел ретінде әлемге танылған мемлекет. Біздің еліміз келешегі айқын демократиялық мемлекет ретінде беделге ие және бұл жетістікке жетуімізде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөлінің орасан зор екендігі баршамызға белгілі. Қазақстан өз

тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап халықаралық аренада мемлекеттіліктің жаңа сипаттағы қатынастарын қалыптастырды. Олар бейбіт қатар өмір сүру мен көпқырлы ынтымақтастықтың тең құқылық, өркениетті даму, егемендікті және аумақтық тұтастықты құрметтеу ұстанымдарына негізделген.



Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Токаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөзі әрқайсысымыздың мәңгілік ұранымызға айналып, әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алып, рухын көтеруге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Тәуелсіздік жылдарында қоғамды таланттымен таңғалдырған, білікті де білімді жас ұрпақ өкілдері өсіп жетілді. Сонау, тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың өзінде, елдегі қиыншылықтарға қарамастан, Тұңғыш Президент – Елбасы «Болашақ» бағдарламасын ұсынып, талантты ұл-қыздарымызды сапалы білім алып, елімізді өркендетуге өркеніетті елдердің тәжірибесін таратуда үлгі болады деген үкілі үмітпен әлемнің белгілі университеттеріне жіберді және олардың бұл күндері еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қомақты үлес қосып келе жатқаны белгілі.

Енді, Елбасының сарабал саясатын таланттымен таңғалдырған, Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген, әлі қоғамға танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды тапсыруы – Мемлекет басшысының алаш ардақтысы, ұлы акын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін...» деген жалынды жырымен үндесіп, жастардың Отанға шексіз сүйіспеншілікпен қарап, халқына адал қызмет етуіне жол ашу деп бағалауға болады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Токаев айтқандай, біздің мақсатымыз – келер буынға Қазақстанды тұғыры берік, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және сол істерді лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесімен айналысу – әрбір азаматтың қоғам алдындағы қастерлі де қасиетті парызы.

Баршамызға белгілі, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясында Елбасымыз парасатты шешім қабылдап, Ассамблеяны басқаруды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа ұсынып, мемлекеттік саясаттың сабақтастығын қамтамасыз ететініне сенім білдірді. Өз кезегінде Ассамблея мүшелері Елбасы шешімін бірауыздан қолдады.

Мемлекет басшысы сессияда сөйлеген сөзінде Ассамблея – бұрын-соңды ешбір елде болмаған бірегей құрылым екеніне тоқталды. Сонымен қатар, Президент: «Біз сыйластық пен келісімнің, бауырмалдық пен өзара құрметтің негізінде еңселі ел болып отырмыз. Бұл, әрине, Елбасының арқасы. Мұны әрдайым есте ұстауымыз қажет. Әсіресе, коронавирустер дерті қыспаққа алған қазіргі күрделі кезеңде халқымыздың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін біз бәріміз бір Ел, бір Ұлт болуымыз керек» деп тұжырымдады.

Қалірілі жерлестер, сырбойылықтар! Сіздерді алда келе жатқан Қазақстан халқының Бірлігі күнімен құттықтаймын!

Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білетіміз – бірлік. Еліміз әрбір отбасының бақыты мен бірлігі арқылы нығая берсін.

Қылышбай БИСЕНОВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі

● ПІКІР-ПАЙЫМ

Ассамблея алдында ауқымды міндет тұр

Қазақта «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» деген қанатты сөз бар. Бүгінде еліміз ырысы мен ынтымағы, бірлігі мен тірлігі жарасқан мемлекет ретінде орнықты.

Бейбітшілік пен келісім – көпэтносты Қазақстан азаматтарының күш-жігерінің нәтижесі. Бірінші кезекте бұл – Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі. Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясында Мемлекет басшысы: «Сан түрлі ұлыстың басын біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдыру оңай шаруа емес. Бұл – табандылықты талап ететін күрделі жұмыс. Біз сыйластық пен келісімнің, бауырмалдық пен өзара құрметтің негізінде еңселі, өркениетті ел болып отырмыз. Бұл, әрине, Елбасының арқасы», – деп атап өтті. Осы орайда Президент Елбасыға бірегей институттың Құрметті Төрағасы болуды ұсынды. Бұл егемендік алғаннан бастап елдің еңсе тіктеуіне өлшеусіз үлес қосқан Нұрсұлтан Назарбаевқа лайықты құрмет деп есептеймін.

Елдегі тұрақтылық пен татулықты сақтап, дамытуды мақсат еткен Қазақстан халқы Ассамблеясының алдында ауқымды міндет тұр. Аталған құрылым мұны одан әрі лайықты жалғастыратынына сенімдімін.

Елена РЫБИНА,
облыстық «Славяне» этномәдени бірлестігінің мүшесі

Бірлігіміз бекем болса...

«Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді дана халқымыз. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Қазақстанда қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Көпұлтты халқымыздың ынтымақтастығы, бейбітшілдігі – мемлекетіміздің басты жетістігі, байлығы. Оны көздің қарашығындай сақтауға тырысуымыз керек. Қазақстан азаматының өзінен бастап, көпұлтты қоғамымызға барынша адал қызмет етіп, өз үлестерін қосуы адами борышы деп білемін.

Бір өлкеде тамаша өмір сүріп, тату болуға, жақсы жұмыс істеуге, отбасын құру сияқты адамзат құндылықтарын меңгеруге біздің халқымыздың даналығы жетеді. Бұл орайда, Қазақстан халқы Ассамблеясы, оның ішінде облыстық этномәдени бірлестіктер ықпалды қоғамдық күшке айналған. Қазақстанда барлық этностың мәдени мұрасын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тілін толыққанды жаңғырту мен дамытудың тұрақты механизмі жүзеге асырылып келеді.

Соның ішінде Арал қаласында, өзге ұлт өкілдерін шақыру мақсатында жүргізіліп жатқан іс-шаралар аз емес. Бір халық болып жиылып, ауданымыздың барлық қоғамдық-мәдени істеріне атсалысамыз. Отанға істеп жатқан еңбегіміз де еш қалған емес. Ұдайы қолдау көрсетеді.

Менің әлемге қонақжайлылығымен танымал болған қазақ халқына ұйғыр ұлтының өкілдері атынан рахметім шексіз.

Эльвира НУРЫМБЕТОВА.
Арал ауданы

БІЗДІҢ ЖОЛЫМЫЗ – БІРЛІК пен ТАТУЛЫҚ ЖОЛЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси ерік-жігері халықтың бірлігін қамтамасыз етуге бағытталды. Бұл саясаттың өмірде іске асырылуы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінде көрініс тауып, ол халықаралық тұрғыдан мойындалды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын реттейтін нормалар бар. Ол «Біз, Қазақстан халқы» деген сөздерден басталады, бұл еліміздің барлық азаматтарының ортақ идеясын білдіру және біз біргеміз, біртұтаспыз деген қағидаға негізделген.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-ші бабында Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі принциптерінің бірі «қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық» деп жария етілді. Барлық азаматтардың, олардың ұлтының қандай екеніне қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігі бекітілген. Осылайша, біздің еліміз, ең алдымен, мәдениеттердің, тілдердің, халық дәстүрлерінің алуан түрлілігін мойындай отырып, азаматтық қоғам құру жолын таңдады. Сондықтан Елбасымыз келесі қағидаттарды белгілеп берді, олар:

- Мемлекеттің мүлтіксіз дамуының, өзара сыйластық пен қоғамның жауапкершілігін сақтаудың мызғымастығы;
- Қазақстан халқының бірлігі;
- Этностық, конфессиялық, мәдени және тілдік әралуандық;
- Қазақ халқының біріктіруші рөлі;
- Барша этностарға мәдениетті, тілдер мен дәстүрлерді дамыту үшін барлық қажетті жағдайлардың жасалуы.

Осындай қағидаттар негізінде, бүгінде Қазақстанда этносаралық келісімді қамтамасыз етудің тиімді саяси-құқықтық жүйесі қалыптасты.

Қазақтың даласы қандай дархан болса, пейілі де соншалықты кен. Әлемнің түкпір-түкпірінен келіп, Қазақстаннан «басына ұй, бауырына қазан» асып отырған талай халық бар. Бұл – Қазақстанның ең басты ерекшелігі мен ең басты байлығы. Қазақ халқының бауырмалдығы бүгінде әлемге үлгі. Осыны ескере отырып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру

идеясын алғаш рет 1992 жылы Қазақстан халықтарының форумында айтты.

Елбасының Жарлығымен 1995 жылы консультативтік-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. 2007 жылы Ассамблеяға конституциялық мәртебе берілді. Ассамблеяға кепілді түрде парламенттік өкілдік қамтамасыз етілді, ал ол сайлайтын Мәжілістің 9 депутаты Қазақстанның этностық топтары мүдделерінің барлық жиынтығын құрады. 2008 жылы қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, Ассамблеяның қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді қамтамасыз етті.

Ассамблея қоғамдық келісім мен бірлікке қатысты Конституцияның нормаларының толық, табысты және мүлтіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні қоғамдық сананы, әлеуметтік саясатты жаңғырту міндеттерін айқындаған Қазақстан халқы Ассамблеясы дамуының 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданған.

Еліміздің жаңа тарихының шешуші кезеңдерінде Ассамблея әрдайым тұрақтандырушы және біріктіруші рөл атқарып келеді және еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің шынайы кепілі болып қала беретініне сенеміз.

Бүгінде біздің облысымызда 816 мыңнан астам халық болса, оның ішінде 35 түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті тұрмыс кешуде. Елдің ынтымағы мен бірлігін арттырып, достықтың бесігін тербетіп отырған 11 этномәдени бірлестік нәтижелі де белсенді жұмыс атқарып келеді.

Қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірлікті нығайтуға бойынша облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылуда.

Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Тәуелсіздік жылдарындағы әр күніміз, әр жылымыз ел тарихы үшін аса маңызды тарихи оқиғаларға толы болды. Оның ішінде халықаралық деңгейдегі, аумақтық сипаттағы оқиғалар тарих қойнауына еніп, бәрі де тәуелсіздіктің нәтижесі екенін көрсетті.

Тәуелсіздік алған 30 жылда қол жеткізген биігіміз, сондай-ақ алдағы алынар асуымыз, бағындырар бағытымыз туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мазмұнды мақаласын жариялап, егемен еліміздің өсіп-өркендеу жолының гасырға бергісіз тарихи жетістіктеріне

тоқталып, мемлекетіміздің қалыптасу, даму, өркендеу жолын, «Бағдар мен белес», «Таным мен тағлым», «Қоғам мен құндылық» және «Ұлағат пен ұстаным» деп аталатын төрт ауқымды бағытты айқындап, «30 жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сұрақтардың жауабын нақты көрсетті.

Президент атап өткендей, тарих тұрғысынан алғанда, 30 жыл – көзді ашып-жұмғандай қас-қағым сәт. Бұл көп халық үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастырып: алғашқы онжылдықта Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен мемлекеттік нышандарымыз белгіленіп, билік жүйеміз қалыптасты. «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Екінші онжылдықта мемлекетіміздің тәуелсіздік тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз артты. Үшінші онжылдықта «Қазақстан-2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған 30 елдің қатарына қосылуды жоспарлап отырмыз.

Осы кезеңдерде білім, денсаулық, әлеуметтік жағдай, рухани байлығымыз, патриоттық рухымыз, еліміздің барлық салалары заман талабына сай қарқынды дамып отырды. Бұл – Елбасымыз бастап, Мемлекет басшысы жалғастырған мақсаты берік, болашағы айқын, сенімді нық қазақстандық үздіксіз даму жолымыз. Ал, енді алдағы төртінші онжылдықтағы басты міндетіміз – қуатты ел және кемел халық болу. Осы жолда ең басты бағдарымыз – білімді ұрпақ.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, жас буынға жан-жақты қолдау көрсете отырып, бәсекелік қабілетін арттыруға баса көңіл бөлінетін болады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі – ел дамуының басты козауышы күші болмақ.

Сондықтан, ендігі жерде рухани құндылықтарымызды нығайта отырып, Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында аянбай еңбектенуіміз біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз деп білемін.



Достықтың берік діңгегі

Жиын модераторы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысушыларды Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтап, бүгінгі таңда облыс аумағында өмір сүріп жатқан отыздан астам ұлт пен ұлыстардың Тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын бекітіп, ынтымағы мен ырысын арттыруда әрдайым мақсаты мен мүддесі бір екенін атап өтті.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығында Елбасының көшбасшылығының арқасында, ел болып бірлесе атқарған жұмыстардың нәтижесінде саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті

мықты, ұлттық рухы берік, бәсекеге қабілетті, халықаралық беделі зор қуатты мемлекет құрдық. Еңселі ел, іргелі мемлекет атануымызда бірлік, келісім және өзара қолдау қағидаттарына негізделген Қазақстан халқы ассамблеясының орны ерекше, – деді.

Жиынға бейнебайланыс арқылы Нұр-Сұлтан қаласынан қосылған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бакытбек Смағұл «Ынтымақ, Бірлік, Келісім, ең асыл бақыт – ел үшін» тақырыбында баяндама жасады. Тәуелсіздік жолындағы ұлтымыздың арғы-бергі тарихынан сөз қозғап, елдің болашағын

баянды ету жолында жас ұрпақты ынтымақ пен бірлікті, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға шақырды. Ал ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов «Елбасы және Тәуелсіздік: Татулық пен келісім жолы» тақырыбында сөз қозғап, бүгінгі Қазақстан мемлекеті өркениетті ел ретінде, келешегі айқын, демократиялық мемлекет ретінде әлемге танылғанын айтып, осынау даму жолындағы Елбасының еңбегін ерекше атап өтті.

Облыстық неміс этномәдени бірлестігінің белсендісі Светлана Крюгер – сонау жылдары тағдыр тәлкегімен қазақ еліне келіп, Қазалы жерінде қоныстанған арғы атасынан өрбіген төртінші ұрпақ. Бұл күнде қазақ шаңырағына келін боп түсіп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін бойына тұтқан Светлананың Сыр топырағына деген сүйіспеншілігі көпшілікті еріксіз тәнті етті. Сол сияқты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті, ҚХА жанындағы «Абай қазынасына саяхат» клубының жетекшісі Елена Пак, облыстық «Қызылординские вести» газетінің жауапты хатшысы, журналист Кирилл Денисов те – Отанға адал қызмет етіп, жарқын болашақтың іргесін қалауда жасампаздықпен еңбек етіп жүрген жастар. Олар Алаштың ардақты ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты, мен жастарға сенемін!» – деген сөзін үлгі тұтатындықтарын айтты.

Мазмұнды шараны қорытындылай келе Мира Қазбекова қазақы қаймағы бұзылмаған Сыр өңірі халқының да Тәуелсіздікті кастерлеп, бейбітшілік пен тұрақтылық аясында баянды болашаққа бірге қадам басатындығына сенім артты.

Қазақпен құда-жекжат Пак әулеті

Сонау бір кезеңдегі саясаттың салқынына ұшырап, туған жерінен ауа көшіп, табиғаты бөтен, тұрмыс-тіршілігі бөлек қазақ жеріне қоныстанған Пак әулетінің қызы Лилия кішкентайынан қазақ балаларымен қатар өсті. Әлі есінде, өзі құралпы қазақ қыздарымен бірге ойнап жүріп, шокка піскен ып-ыстық тапанаңды таласа-тармаса бөлісіп жейтін. Сондай-да қариялардың қабағынан жылылық көріп, маңдайынан сипаған алақанынан мейірім шуағын сезінетін.

Сb Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

сый табағын тартады. Сондай-ақ, Наурыз, Айт мерекелерінде қазы-қартасын асып, бауырсағын пісіріп, дастарханын дәмге толтырып, қонақ күтеді.

Бірде Жалағашқа барғанымда Лилия апайды кездестірдім. Қазақша зерленген, көздің жауын алатын әдемі қамзол киіп алыпты. Әдеттегі әйел затына тән қызығушылықпен:

– Лилия апай, мына керемет қамзолды қайдан



Қиыр Шығыстан Қазақстанға келгенде (1932 жылы) анасы Ким Лира небәрі он үш жаста болған екен. Ашаршылықтың азабынан өздері әзер күнелтіп жатқан қазақ жұрты тағдыры тартысқа түскен корей отбасыларына қамқор пейіл танытты. Қатарға қосып, қолындағы азғантай асын бөліп ішті. Осылайша бойжеткен Лира аудандық денсаулық саласында ұзақ жыл абыройлы еңбек етті. Жары Андрейден ерте айырылып, қалғыз қызы Лилияны қатарға қосуға барын салды.

Қазақ халқының ортасында өскесін, талап бірдей, тәрбие тіні сабақтас, бірте-бірте тілі де түсінікті болып кетті. Жалағаштың жайсаң жұртынан ешқандай жаттық көрген жоқ, қайта қамқорлығы мен қолдауы ерекше болды. Ол үнемі қызына халыққа жақын болуды, адал еңбек етіп, ар-ибаасын сақтауды айтып отыратын. Анасының ақылмен Лилия да қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыпына, танымы мен тәрбиесіне құрметпен қарауды жастайынан жадына түйіп өсті.

Аудан орталығындағы №31 орта мектептен орта білім алып, 1972 жылы Қызылорда медициналық колледжін үздік оқып бітірген Пак Лилия аудандық өкпе аурулары ауруханасынан еңбек жолын бастады. Ең алдымен емделушілерді дер кезінде қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге ден қойды. Алдына келген науқастың талап-тілегіне мұқият қарайтын. Содан

болар, дертіне дауа іздеген жабырқау жандар оның кәсіби қызметінен бөлек, жылы сөзінен де жұбаныш табатын. Өз ісін талапқа сай тиянақты атқаратын маман қоғамдық және санитарлық ағарту жұмыстарына да белсене араласты. Арада жылдар өте келе абыройлы қызметімен ауыл-аймақтың алғысына бөленді. Еңбек жолының соңғы жылдары аудандық орталық ауруханада аға мейіркеш қызметін атқарды. Бас-аяғы қырық екі жыл денсаулық сақтау саласында қызмет еткен Пак Лилия Андрейқызы Елбасының Құрмет грамотасын, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің "Денсаулық сақтау ісіндегі үздік қызметі үшін" төсбелгісін, тағы басқа көптеген марапаттарды иеленді.

Аяулы жары Пак Миронағаймен бір шаңырақта 50 жылдан астам бақытты ғұмыр кешіп, үш бала тәрбиелеп өсірді. Миронағай аудандық электр тарату жүйесі мекемесінде ұзақ жыл абыройлы еңбек етті. Бүгінде олар ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбере сүйіп отыр. Айта кетейік, Пак отбасының екі келіні қазақ, сондай-ақ, немере қызы да қазақ отбасына келін боп түсті. Аудан халқымен бірге араласып, біте қайнасып келе жатқан Пак әулеті "Атамекен, құтты қонысымыз – Қазақстан", – дейді. Соның айғағы болар, олардың "Беташар", "Қыз ұзату", "Бесіксалар", "Тұсаукесер" тойлары да қазақы дәстүрге сай аталып өтеді. Құда күтіп,

алдыңыз? – деп сұрадым.

– Құдалардың кигізген киі. Жақында немеремді ұзатып едім. Сонда кигенім ғой. Мынадай білезігі тағы бар, – деп ақ көңіл апайымыз жаңалығын жайып салды.

– Құтты болсын! Балалар бақытты болсын!

– Иә, ең бастысы, балаларымыз бақытты болсын! Алған-бергенде тұрған ештеңе жоқ, – дейді Лилия апай. Расында, ол кісі қазақ халқының жол-жоралғысын жақсы біледі, ырым-тыйымдарын да ұстанады. Бағаты біздің әжелеріміз сияқты ол да "көз тимесін" деп немере-шөбересінің омырауына түйреуіш қадап қоятыны бар. Осындай тамаша табиғи болмысы, кен пейіл, көпшіл қасиеті кез келген адамды өзіне баурап алады.

– Лилия апай, аға буын өкілі, еңбек ардагері ретінде бүгінгі жастарға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?

– Бүгінгі жастардың талпынысы бөлек, таңдауы биік. Жан-жақты білім алып, қарым-қабілетін танытуына толық мүмкіндігі бар. Ал жақсы табыс тапқан адамның тұрмысы да жайлы болады. Сондықтан барынша білімге құштарлық қажет, – дейді ол.

Иә, сол бір қысылтаян шақта кең құшағына сыйдырған қазақ халқының арқасында емін-еркін өсіп-өніп, бейбіт те берекелі өмір сүрген Пак әулеті бұл күнде қазақпен мың жылдық құда-жекжат болып, татулық тамыры тереңдей түскен.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН «ДОСТЫҚ, БЕРЕКЕ, БІРЛІК – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ» АТТЫ ДӨңГЕЛЕК ҮСТЕЛДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАРАРЫ

Қызылорда қаласы

30.04.2021 жыл

Біз дөңгелек үстелге қатысушылар ұлттық бірегейліктің озық бағытын ұстана отырып, еліміздегі саяси тұрақтылықты сақтау мен үдемелі экономикалық өсуге үлес қосу үшін барлық күш-жігеріміз бен тәжірибемізді жұмсаймыз.

Бұл жасампаз қызметке әрбір қазақстандық ұлты мен діни нанымна қарамастан үлес қосуы тиіс. Әлеуметтік және елдің болашағына деген жауапкершілік әрбір азаматтың күнделікті ұстанымы болуы қажет.

Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеді.

Ұйымдастыру комитетіне алдын ала келіп түскен ұсыныстар мен баяндамаларда айтылған ой-пікірлер басшылыққа алынып, келесі ұсынымдар жасалды:

1. 2021 жылдың 28 сәуіріндегі Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен өткізілген «Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІХ сессиясындағы негізгі ойлар мен ұсынымдарды іске асыру мақсатымен орта, орта кәсіби және жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру кезеңінде тарихи зердесі жоғары, ұлттық мәдениетті меңгерген, елдің тұтастығы мен тәуелсіздігін

қорғай алатын бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеуге ерекше мән беру;

2. Қазақстандық қоғамдағы отбасы институтын, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды, достық пен бірлікті насихаттауда этномәдени және қоғамдық ұйымдарды кеңінен тартып, жұмылдыру;

3. Барлық деңгейдегі білім беру мекемелерінде Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық лекторийі негізінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын дәріптеу және ілгерілету бойынша ғылыми, оқыту семинарларын ұйымдастыру;

4. Болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық тобы мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының әлеуетін кеңінен пайдалану;

5. Қазақстан халқының ортақ тарихи-мәдени мұрасын, Қазақстанның көпэтностты халқының қалыптасу тарихы мен тәуелсіздікті нығайтудағы этностардың ролі туралы жана форматты кездесулер ұйымдастыру.

ШЕШІМ ЖОБАСЫ:

1. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «ДОСТЫҚ, БЕРЕКЕ, БІРЛІК – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ» атты 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне арналған дөңгелек үстелдің қарары бекітілсін және оны жүзеге асыру жоспары әзірленсін.

саны – шамамен 3000 мен 5000 аралығында.

• 1944 жылы 26 мыңнан астам мешен, ингуш ұлтының өкілі Арал мен Жанақорған аудандарының аралығына қоныстандырылды.

• Месхетин түріктерінің 2 мыңға жуық өкілі де облыстың барлық ауданына орналасты.

• 1949 жылы грек ұлтының өкілдері әкелініп, жапон тұтқындарымен бірге Қызылорда плотинасы салуға атсалысты.

Дерек пен дәйек

• Сыр өңіріне басқа ұлттардың қоныстануы 1870 жылдардағы Орал қазачествосындағы бүлікті басқаннан кейінгі 2 мыңға жуық қазақтың жер аударылуынан басталды.

• 1897 жылғы Бүкілресей санағының деректерінде Сыр өңірінде 60 ұлттың өкілі тұрады деп көрсетілген.

• Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында бұл жерге қоныс аударушылар саны күрт өсті. Оның бір себебі – «Орынбор-Ташкент» теміржолының салынуы. Соғыс кезінде одан қашқандар мен эвакуацияланғандар, тұтқындар келді.

• Кеңес өкіметінің күштеп қоныс аудару саясатының құрығына алдымен корейлер ілікті. Бұл науқанның алғашқы кезеңі 1935 жылы, екінші кезеңі 1937 жылы жалғасты. Онда Қиыр Шығысты мекендейтін корейлердің 98 454 адамы бар 20 789 отбасы көшірілді. Оның 50 мыңы Сыр өңіріне әкелінді.

• Кеңес Үкіметі Президиумының 1941 жылы 28 тамыздағы қаулысымен Еділ бойында, артында Кавказда тұрып жатқан немістер жер аударылды. Сол жылдары Қызылорда облысына қоныс аударған немістер

Қосылған қос өзен

«Отан отбасынан басталады» демекші, кең байтақ елімізде өнегелі істерімен өрісін кенге жайған отбасылар мыңдап саналады. Солардың бірі – Арал ауданындағы Аққұлақ елді мекенінде тұратын ерлі-зайыпты Кенжебай Орынбасаров пен Марусия Бәшенқызының жарасымды отбасы.

Осындай аттай алпыс жыл бұрын өздерінің жүрек қалауымен қол ұстасып, отау құрған екеуінің мамандығы егіз қозыдай. Бірі фельдшер болса, екіншісі медбibi. Қызылорда медучилищесін ойдағыдай тәмамдаған екі жас бұл саладағы алғашқы еңбек жолын 1962-1964 жылдардың аралығында Қазалы ауданының Бозкөл кеншарындағы егінжай ерлеріне, Арал ауданы Жіңішкекүм кеншарындағы малшылар қауымына медициналық қызмет көрсетуден бастапты.

Марусия апамыз бен Кенжебай ағамыз откен уақытқа ойша көз жүгіртіп отырады.

Иә, ол кездері шаруашылықта көлік тапшы болатын. Оның өзі де мініс аттары еді. Ал, мал отарлары мен егінші қостары қазіргідей емес, ауылдан алыс. Осындай мойыны қашық жерлерге олардың шаруашылық берген мініс аттарымен қатынап, науқастанып жатқан үлкен-кішіге алғашқы дәрігерлік көмек көрсеткендері де әлі есте. Қызылшұнақ аязды, ақ басқын боранды қыста, жаздың аптап ыстығында, күз бен көктемнің жауынды-ша-шынды лайсаң мезгілінде ерлі-зайыпты екеуі «Жедел жәрдем» қызметін мінсіз атқарған еді.

Екі жас 1964 жылдан бастап қашан зейнет жасына жет-



кенше бұрынғы «Приарал» кеңшарының №2 фермасының орталығындағы фельдшерлік- акушерлік пунктте 32 жылдан астам уақыт ауыл адамдарына мінсіз медициналық қызмет көрсетті. Сол кездегі ферманың озат шопаңдары Копжан Төлеуов, Жеткерген Рзаббетов, Жанқушiк Еңсеповтер ерлі-зайыпты медицина

майталмандарына кешегі күнге дейін шынайы лебіздерін бірауыздан білдіріп отырады.

«Қартың болса ауылыңда, жазулы тұрған хатпен тең» демекші зейнет жасындағы ерлі-зайыптылар қызметтен әлдеқашан қол үзе де, қарап отырмайды. Аяқ асты науқастанып қалған ауылдас үлкен-кішінің әрдайым жанынан табылады. Ақыл-кеңестерін береді, жеңіл-желпі ем-домын жасайды.

Марусия апай – достықты қатты қадірлеген жан. Алматы қаласындағы қос перзентіне қонаққа келсе Қазақстан Халқы ассамблеясының Орталық кеңес мүшесі, төл тіліміздің жанашыры, әйгілі Асылы Османовамен сыр шертісіп, шүйіркелесе кетеді. Бірі зұлмат жылдары Сыр бойын, оның ішінде Арал ауданындағы өзі туып-өскен Бөген ауылына тағдырдың айдауымен көшіп келіп паналаған азербайжан, түрік, орыс, неміс, қалмақ ұлттарының жергілікті

қазақтармен тату-тәтті өмір кешкенін баяндаса, Асылы Құрбысы бұған ассамблеяның Қазақстан Республикасының көп ұлтты халқына қосып жатқан үлесі жайлы ақтарыла сыр шертетін.

Кенжебай ағамыз ұзақ жылғы денсаулық сақтау саласындағы мінсіз қызметіне орай кезінде мерекелік медальдармен, түрлі дәрежедегі мақтау қағаздарымен марапатталса, Марусия апамыз «Бейбітшілік әлемі» халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Әлемнің мейірімді адамы» медалінің иегері. Бұл өнегелі отбасы иелеріне берілген ел-жұрттың лайықты бағасы болса керек.

Халқымыз «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дейді. Десе дегендей, өнегелі ұлбасынан түлеп ұшқан қазақ қыздары тәуелсіз еліміздің түс-тұсында бақытты өмір кешуде. Бәрі жоғары білімді. Тұла бойы тұңғыштары Ғайни Арал аудандық білім бөлімінде

сектор меңгерушісі. Ерболлаты портты қала Ақтауда, Файзуллаевты қазақ балық болған. Одан кейінгі Ғазизасы Ақтөбеде, Ғанипасы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, дәстүрлі әнші, жолдасы Аманқос Садықов – елімізге белгілі жырау. Наурызбай, Ақтан, Мұрат сияқты от ауызды, орақ тілді шайырлардың жырыларын Маңғыстау мақамымен әуелете орындайды. Ерлі-зайыпты өнер жұлдыздары Алматы қаласында тұрады. Бауыржаны Арал қаласындағы №262 мектеп-гимназияда тарихшы-ұстаз. Ғалымжаны Алматы қаласында дәрігер. Ғасыржаны қара шаңырақта, ата-анасымен бірге тұрады. Кенжелері Әліби студент.

Міне, біз білетін өнегелі отбасының иелері туған жер тосінде бақытты, бақуатты ғұмыр кешіп отыр.

Т.НҰРЖАН-БАЛТА



университетінің «Тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбақовпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының аркасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Мерекеге орай Қорқыт Ата атындағы Қызылорда



Айтжан Оразбақов:

Бардың бағасын білуіміз керек

– Айтжан Жұмабайұлы, «Береке бастауы – бірлік» қағидасын ұстанған еліміз үшін бұл мерекенің алар орны қандай?

– «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді халқымыз. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Бүгінгінің ашы шындығын көзбен көріп отырмыз. Кеше ғана ағайын болып, бір-бірінің тілеуін тілеп келген мемлекеттер енді қайтіп көріспейтіндей күйге жетті. Неге туысқан халықтар арасында ортақ түсіністік, ашық үнқатысу жоқ? Неге олар бір-бірімен түсініспейтін, түсінуге де тырыспайтындай халге түсті? Бейбіт өмірді, ашық күнде оқ атылмауын қалайтын адамдардың бәрі осындай әрекеттерге өкінеді. Кейбір мемлекет басшыларының өз мүдде қалығынын халықтан биік қоятынына наразы болады. Тіл-көзіміз тасқа, Қазақстан мұндай індеттен аулақ. КСРО ыдырағаннан кейін көптеген саясаттанушылар Қазақстан аумағында азамат соғысы басталуы мүмкін деген ой-пікірлер айтқан. Елбасының сарабал саясатының, Президентіміздің бүгінгі бастамаларының аркасында тыныштықта өмір сүріп жатырмыз. Жалпы ТМД аумағында да, Орта Азия елдерінде де ұлтаралық жан-жалдар көп болды. Елімізде де көптеген адамдар жеке мәселелерін, тұрмыстық дау-дамайларын ұлтаралық жанжал ретінде көрсетуге тырысқан жағдайлар кездесті. Бірақ, Құдайға шүкір, әкімшілік, полиция қызметкерлерінің араласуымен бұл жанжалдар дер кезінде тоқтатылды. Мұның бәрі еліміздегі жүргізіліп жатқан дұрыс саясат нәтижесі деп білемін.

– Осы орайда Қазақстан халқы ассамблеясының ролі қаншалықты?

– Қазақстан халқы ассамблеясының ең басты мақсаты да – осы құндылықтар. Бізге ассамблея керек емес деген де ой-пікірлер айтылғанын есітіп жатамыз. Ассамблея керек, өйткені қай жерге барсаң да, еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі ұлт өкілдері тұрады. Солардың басын қосып, біріктіретін, ашық диалогқа шақыратын бірден-бір ұйым – Қазақстан халқы ассамблеясы. Тіпті, оған әртүрлі ұлттардың ақсақалдарын, зиялы қауым өкілдерін әлі де көптеп шақыру керек дер едім. Өйткені, күш – бірлікте, түсіністікте. Сөзіме мысал ретінде айтайын, жақында ғана қаламыздағы мәңгілік алауға бардым. Социалистік Еңбек ерлеріне арналған құрмет тақтасын жасап қойыпты. Солардың арасында бір ғана корей ұлтының 32 азаматының есімі

жазылыпты. Барлығы – еңбек майданында зор жетістікке жеткен, өңірді түлетуге үлес қосқан жандар.

– Мақсатымыз – бірлігіміз бен ынтымағымызға сызат түсірмеу дейміз. Бұл мақсат үшін өткен тарихымыздың тағылымы қандай?

– Биыл Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толады. Осы уақыт ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес заңдырыс ел болды. Бұл – атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. Ендігі ұстанымымыз – барды бағалай біліп, болашаққа сеніммен қадам басу. Айталық, үкіметтің саясатымен келіспеушілер де болады. Саясатты іске асырушылар тарапынан да жіберілген кемшіліктер болып жатады. Бірақ негізінен мемлекеттің бұл саясаты дұрыс деп білемін. Еліміз әлеуметтік салаға айрықша көңіл бөлетіндігімен, азаматтарға әлеуметтік көмекті көп көрсетіптінен ерекшеленеді. Өзге елден келген азаматтармен, қандастарымызбен көп сөйлесемін ғой. Мысалы, Қытайдан келген қандасымыз ол жақта желді жәрдем шақырудың өзі ақылы екенін айтқан еді. Біз шамалы қызуымыз көтерілсе де желді жәрдем шақырамыз. Оған ешкім қаша төлеп жатқан жоқ.

Бала күнімде әкемнің ағасының үйіне барғаным есімде қалыпты. Сол кезде ағамыз дастархандағы бауырсақты, май мен қантты көріп: «Мынау революцияға дейінгі бай отбасының дастарханы ғой» деген еді. Ал қазір тойда отыз-қырық адамның алдына жүз кісінің тамағын қояды. Осындай ысырапшылдық көп бүгінде. Мұның бәрі баршылықтан жасалып жатқан нәрсе. Бардың бағасын білуіміз керек дегенге мысал етіп айтып жатқаным ғой. Біз, керісінше, үнемшіл, барды бағалай білетін менталитет қалыптастыруымыз керек. Көп жастар қара жұмыстан қашады. Бірақ қол еңбегінің қадірін ұлпаған адамға басқа қызметте нәтиже көрсету де қиын болады деп ойлаймын. Мысалы, мен өзім оқуға түскенше бес жыл қара жұмыс істедім. Тапқан табысымның құнын білдім.

– Татулық пен келісім тарих тағылымымен тығыз байланысты. Бірлік мерекесінде тарихтың қандай сабақтарын дәріптейміз керек?

– Соғысқа дейін Қазақстанға фин, поляк, тағы да басқа батыс аймақтар халқы көшірілді. Бұл – соғыс бола қалған жағдайда шекараны тазарту мақсатында жасалған шара. Содан кейін солтүстік кавказ халықтарын көшіріп әкелді. 1937 жылы елімізде 98 мың корей келсе, соның 50 мыңы облысымызға қоныстандырылды. 1941 жылы соғыс кезінде немістерді, австриялықтарды, гректерді көшіріп әкеле бастады. 1943-1944 жылдары болгарлар, шешендер, Қырым татарлары, түріктерді көшіріп әкелді. Солардың бәрі негізінен Сібірге, Қазақстанға қоныстанды. 1944 жылы көшірілген түріктердің 400 мыңнан астамы Қазақстанға, оның ішінде 27 мыңы Қызылорда облысына, мың отбасы Қызылорда қаласына келді. Ал бұл аз ба, көп пе, оны 1939 жылғы халық санағынан көруге болады. Сол санак бойынша облыста 298 мың халық болған. Оның 35 мыңы корей ұлтының өкілдері. Басқа халықтар, бас-аяғы 12 автономиялық құрылымы бар халықтардың өкілдері өңірге көшірілді. Соғыс кезінде, 1941 жылдың өзінде 32 мыңнан астам адам Қызылордаға келді. Оның 14 мыңы еврей, қалғандары – басқа ұлт өкілдері.

– Солардың барлығын халқымыз қуана қарсы алды ма?

– Қазақ елі оларды күтіп алып, жаңа жерге орналастырды, етек-жеңін жинауына жәрдемдесті. Жұртымыз ол уақытта өздері де қиын жағдайда болды. Бірақ біреудің қиындығын көріп қарап отыра алмады. Қолынан келгенше көмегін көрсетті. Елбасы туралы фильмде оның жанұясына кавказ халқының өкілін орналастырғаны, олардың бір-біріне демеу болып, селбесіп өмір сүргені жақсы көрсетілген. Әлі есімде, соғыс кезінде шешен ұлтының өкілдерін күтіп алған кезде әкем бір шешен ұлтының өкілімен жақсы дос болды. Көп көмектесті. Бір-бірін тамыр, туыс деп қадірледі. Оның сол

кезде әкеме ризашылық белгісі ретінде сыйлаған қанжары үйде әлі күнге дейін сақтаулы тұр.

Тек Қызылорда облысының өзінде соғыс жылдары 12 балалар үйі болды. Соның бірі Қармақшыда ұлттық сипатта, тек шешен балалары үшін ұйымдастырылды. Облыс аумағында тоғыз госпиталь жұмыс жасады. Осы Қорқыт ата университеті ғимаратының орнында да госпиталь бар еді. Оған қарама-қарсы орналасқан агротехникалық колледж ғимаратында да госпиталь болды. Қазіргі «Жібек жолы» сауда орталығының орны да бұрын қалалық емхана еді. Ондағы госпитальға 1941 жылдың қарашасында тексеру комиссиясы барған кезде 570-тей жаралы жауынгер ем алып жатыр екен. Ал енді барлық госпитальдардағы жаралы жауынгерлер бірнеше мыңдап саналды деуге болады. Сол кезде «Орынбор-Ташкент» теміржолы бойындағы қалаларға жараланған жауынгерлерді жібере берген ғой.

– Өзге ұлт өкілдерінің сол қиын кезеңде өңірі өркендетуге ықпалы зор болды деп жатамыз. Медицина секілді жаталарды ілгерілетуге атсалысқаны айтылады...

– Әрине, көмегі өте көп болды. Кезінде Қызылорда облысында мыңдаған гректер тұрды. Солардың арасынан шыққан дәрігерлерді, басқа да саланың білгір мамандарын бүгінге дейін мақтап, айтып жүреді. Өз еркінен тыс, тағдыр тәлкегімен қудаланып келген олар өңірдің өрлеуіне өз үлестерін қосты. Көбі жоғары білімді азаматтар еді. Әлі есімде, 60-жылдарға дейін үйде біріміз ауырып қалсақ, шешем осы жерге көшіп келіп, тұрақтап қалған Мария есімді шешен әйелге апаратын. Сондай қадрлар, жоғары білімді азаматтар халыққа қызмет көрсету, білім беру ісінде көп жұмыс атқарды. Соғыс уақытындағы педагогика институты студенттерінің тізімін бір қарап шыққаным бар. Қатарында қазақтар өте аз, тіпті жоқ деуге болады. Барлығы – басқа ұлттың өкілдері.

– Сонда ол уақытта не себепті қазақтар оқымады?

– Оның да өз себебі бар. Қазақтардың көпшілігі ауылдық жерде тұрды. Ал ауылда жұмыс көп. Қалаға оқуға жібермейді де. Екінші себеп, 1940 жылдары 9-10 сыныптарда оқу үшін 150 сом ақша төлеу қажет еді. Ал жоғары оқу орны үшін жылына 250 сом ақша төлеу қажет болды. Ол кезде орта білім ақылы болғаны туралы қазір көп айтыла бермейді. Ойлап қарасақ, сол тұста еліміздегі орташа айлық жалақы 29 сом болыпты. Орта білімді оқуға шын талпынысы бар адамдар ғана алсын деген оймен жасалған шара екен. Бұл үрдіс 60-жылдардың ортасына дейін жалғасқан. Сондықтан қазақтардың көбі оқу ақысының болмауына байланысты келе алмады. Соғыс жылдары әсіресе білім, медицина саласының қызметкерлері аз болды ғой. Мектепте мұғалім болып, емханаларда дәрігер, мейірбике болып өзге ұлт өкілдері жұмыс істеді. Қазір басқа облыстармен салыстырғанда өңірде өзге ұлт өкілдері аз. Бірақ әлі күнге дейін сол кездегі елге еңбегі сіңген жандарды жұртшылық еске алып отырады. Бастысы – бірлікті ту етіп, еліміздің жарқын болашағы үшін баршамыз еңбек етуіміз маңызды. Әсіресе, жылдар бойына жалғасып келе жатқан дінаралық, ұлтаралық қақтығыстар бойынша әлемдік дипломатияның небір озық үлгілері де отты нүктелердің шоғын сөндіре алмай отырғанына әлем жұртшылығы куә. Ендеше, осындай олқы құбылыстарды сараласақ, бірлігі, ынтымақтастығы жарасқан елде тұрақтылық сақталып, болашақ дамуы да баянды болмақ. Қазақстандық ұлтаралық татулық үлгісі де осыған негізделген. Ендеше, Кеңес Одағынан қалып, қызыл империямен бірге құрымға кетпеген, керісінше жаңа мемлекетте жаңаша түлеп, ұлттар арасындағы ыстық ықыластықты дәріптеуге бет алған Мамыр мерекесін жаңғыртуудың түпкі мәнісі осы – бірліктің, ынтымақ пен берекенің игілігіне шақыру деп білген ләзім.

– Сөз соңында өзіңіз жетекшілік етіп отырған «Тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы» кафедрасының жұмысы туралы айтсаңыз...

– Кафедра тарихшы, этнолог, археолог мамандар даярлаумен қатар, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясына қарасты 11 этномәдени бірлестіктен тығыз байланыста. Аймақтағы мәдени-көпшілік, патриоттық іс-шараларды жүргізуге атсалысып, еліміздің басты қорғаушы күші – қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді сақтауды насихаттап келеді. Түлектеріміз гуманитарлық сала мамандары болғандықтан, әртүрлі мемлекеттік қызметтерде жемісті еңбек етуде. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – ең маңызды байлығымыз. Тарихтан сабақ ала отырып, бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әрбір азаматтың міндеті. «Тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы» кафедрасы осы мақсаттағы іс-шараларға ұйытқы болуды жалғастыра береді.

– Өңгімізге рахмет!

Әңгімелескен
Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Алтын бесігін ардақ тұтқан

Қармақшы ауданы ІІІ Интернационал ауылында тұратын Әбдрахым Рузиевтің отбасы жайлы отанасы Гокчак Ескендірованың әңгімесіне құлақ түрдік.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Гокчактың ата-анасы Сыр өңіріне 1955 жылы туған-туыстарын іздеп келген. Уақыт өте келе олар осында қалуды жөн санайды. Ауылға қоныстанып, жергілікті халықпен сіңісіп кетеді. 1958 жылы өмірге Гокчак келеді. Ол осында білім алды, мектеп бітіріп, оқуын жалғастырды. 1980 жылы ауылға бір топ өзбек азаматы келіп, құрылыс салды. Оның ішінде Әбдрахым де болатын. Екі жас бір-бірін ұнатып, сол жылы шаңырақ көтереді. Жары күршіші болып еңбек етті. Ал, Гокчак аспаз болды. Дүниеге екі ұл келді. Балаларын оқытып, қатарынан кем етпей жетілдірді. Үлкен ұлы Унитжан Рузиев қазір Нұр-Сұлтан қаласында жұмыс істеп жүр. Келіні Малина Уалиеваның ұлты әзербайжан. Екі немере өсіп келеді. Ал, кіші ұлы Азиз Рузиев Кореяда зауытта еңбек етіп жүр.

Әбдрахым мен Гокчакты ауылдастары мақтан етеді. Олардың осы жерге сіңірген еңбегі зор.

– Кіндік қаным тамған жерімді мақтан етемін. Осында тудым, жетілдім. Ауылдағы ағайынның бәрі де тату тұрады. Бір-бірін бөліп жарған емес. Ауызбіршіліктен ажыраған емес. Жолдасым екеуіміз жастайымыздан еңбекке араласып, қазір бейнеттің зейнетін көріп отырмыз. 2015 жылы зейнеткерлікке шықтық, – дейді Гокчак.

Ерлі-зайыптылар зейнеткерлікке шықса да тыным таппайды. Есігінің алдын бау-бақшаға айналыды. Мұнда жеміс ағаштарының барлық түрі бар. Ерте көктемнен бастап, көкөніс етіп, алажаздай еңбек етеді. Мал шаруашылығын да кәсіп етіп отыр. Гокчак сиыр сауып, құртмай жасайды. Ірімшік қайнатады, айран ұйытады. Көктемде ескен көкөністерден түрлі тосаптар жасап, қысқа сақтайды.

– Зейнетке шыққан соң, жолдасымыз екеуіміз шаруашылыққа бет бұрдық. Немерелеріме күрт-май жинаймын. Қазы айналыдыр, жал-жая дайындап қоямын. Балаларым келген кезде қазыға ет саламын. Қазы ортада өскен соң, ұлттық тағамдарды жақсы көреді, – дейді ол.

Өнегелі отбасы қазақы салт-дәстүрдің бәрін де берік ұстанады. Немересі дүниеге келгенде қырқынан шығарып, ағайынның басын қосты. Тұсауескер салтын жасады. Келіні Малинаға да бәрін үйретті. Гокчак қазақша әндерді сүйіп тындайды және нақышына келтіріп орындайды. Мерекелерде дастархан жайып, қонақжайлығын танытады. Оның кішіпейілділігі мен мейірімділігін жақындары да жақсы біледі. Қонағы үзілмейтін оның қазаны оттан түспейді.

Гокчак тарихи Отанына оралған жақындарының көпшілігі туған жерден артық мекен жоқ екенін айтып отыратынын тілге тиек етті. Өскен ортасы, қазақшылық қасиет бойына сіңген олар елді сағынады.

Ал, отағасы Әбдрахым: «Ынтымағы жарасқан елдің ғана ырыс-несібесі мол болатынына сенімдімін. Берекеге бастар бірліктің арқасында ауылымыз көркейіп, жылдан-жылға тұрмысымыз жақсарып келеді. Біздің өнегеміз кейінгі жас буынға да ұлт» дейді.

Көпке сыйлы отбасы достық мекеніне айналған туған жерін, алтын бесік ауылын мақтан етеді.

«Бір шаңырақ астында өсіп-өндік»

Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны музыка мәдениетінен, колөнерінен, асханасынан, тіпті ұлттық киімінен байқаймыз. Мәселен, бүкіл әлемдегі еврей ұлтының өкілін өздеріне тән бас киімен тануға болады. Ұлттық ерекшеліктер турасында «Lev amі» облыстық еврей этномәдени бірлестігінің жетекшісі Вера Ивановнамен пікірлесудің сәті түсті.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Вера Владимировнаның айтуынша, ол «кипа» аталады. Бұл – дәстүрлі еврей бас киімі. Еврей дәстүріндегі кипа қарапайымдылықты білдіреді және шлпаның астына кийіледі. Бұл дәстүр бас киімдер ғибадаттың міндетті атрибуты болған кезеңдерде қалыптасқан. Көптеген баска этностар секілді еврейлер үшін де ақ түс қасиетті. Бұдан бөлек, аптаның басы еврейлер үшін жексенбіде басталады. Жұмада ізгі іске үлес қосып, қайырымдылық жасау маңызды. Сенбіде мерекелік дастархан жайылады, демалыс күнді өзіңізге арнау арқылы

жаңа аптаға жаңа қарқынмен қадам басасыз. Ал, Жаңа жыл еврейлер үшін қыркүйекте басталады.

– «Рош-а-Шана» еврей дәстүрі бойынша қыркүйекте атап өтіледі. Ол екі күн тойланады. Егін жинауға, демалуға және бір жыл ішіндегі істерге есеп беріп, қорытынды шығаруға таптырмас уақыт. Оған қоса тағам жасауда тығымдар бар. Ол «кошерный» деп аталады. Қарапайым тілмен айтқанда, жеке дайындалатын арнайы тағамдар. Ет тағамдарын дайындаудың әдісі бар. Бұдан бөлек, еврейлер атақты жазушылардың көп бо-



луы олардың жас кезінде ойлау қабілетін дамытатын ертегілер мен мифтерді көп естіп өсуіне байланысты деп есептейді. Сондықтан ұйықтар алдында балаға көбірек ертегі айтуға, осылайша оның білімді болып өсуіне ықпал етуге тырысамыз. «Қарыз беруден бас тартпа!», Бұл – басты қағида, – дейді Вера Иванова.

Шынында, дүниежүзінің

тарихын өзгертуге атсалысқан төрт адамда ортақ бір нәрсе бар. Атақты Альберт Эйнштейн, Карл Маркс, адам санасын зерттеу арқылы психологияның жаңа теориясын жасаған Зигмунд Фрейд және физиканың атасы Исаак Ньютонның ұлты – еврей. Олар қазіргі ғылымның, психологияның және әлеуметтанудың негізін қалады және еврейлердің жетістігі тек осы адамдармен шектелген жоқ.

Нобель сыйлығы иегерлерінің 30 проценті де еврейлер екен. Мәліметтерге сүйенсек, қазір еврейлер әлем халқының 0,025 процентін құрайды. Елімізде олардың жалпы саны жеті мыңнан қырық бес мыңға дейін жетті. Қазақстан территориясына 1867 жылдан бастап қоныстана бастаған еврей ұлты бүгінде бір шаңырақ астында тату тірлік кешуде. Биыл «Lev amі» облыстық ев-

рей этномәдени бірлестігінің құрылғанына да мерейлі 15 жыл толып отыр. Бірлестіктің негізін қалаушы – Людмила Ли, 2018 жылдан бастап оны Вера Иванова басқарып келеді.

– Он бес жыл аз уақыт емес. Бұл уақыт аралығында еліміздің тұтас жаңа буыны қалыптасты. Осы орайда айта кету керек, қиын-қыстау заманда қазақ халқы қаншама ұлт пен ұлысқа пана бола білді. Бәрімізге бірдей теңдік берді. Ұлт пен ұлысқа бөлмеді. Мұның барлығы Елбасының арқасында. Қазақстан – ортақ үйіміз. Біз осындай дархан көңілді қазақ халқымен жасасып келе жатқанымызға мақтанамыз. Жеткен жетістіктеріміз – ел болып жұмылған ынтымағымыздың арқасы, – дейді бірлестік жетекшісі.

Бүгінде еврей этномәдени бірлестігінің мүшелері қоғамдық өмірде белсенді. Ағаш отырғызу акцияларынан, спорттық шаралардан қалыс қалған емес. Қайырымдылық істерде де үлесі айтарлықтай және алдағы уақытта да олар осы қарқыннан таймақ емес.



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Шіркін, уақыт неткен жүйрік десенізімі? Күні кеше ғана сияқты еді. Туған жері Шағанның топырағын жалаңаяқ кешіп, қалын тоғайды аралап, жиде терген, тай жарыстырып, одан қалды, «Шіркейлі» мен «Тоқалөзек» каналына құрдастарымен суға түсіп, ойнап жүрген ауылдың қарадомалақ баласы бүгінде пайғамбар жасы 63-ке келіп қалыпты.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»



Ел мүддесімен ұштасқан ұстаным

Бала кезінен табиғатпен біте қайнасып, қысы мен жазын, күзі мен көктемін қуана қарсы алып, қызықтаған сәби жүрекке Жаратқан ием аңғарымпаздық пен адалдықты, сезімталдықты, тұрашылық пен төзімділікті, қайсарлық пен табандылықты там-тұмдап болса да берген екен. Бәлкім, осы қасиеттер Мөкенді журналистикаға жетелген болар. Әйтеуір жүрек түкпірінде «журналист болсам» деген арман мазалап кетпей қойды.

Ауыл баласы болған соң еңбекке ерте араласты. Шаруашылықта трактор, комбайн айдап, жаздың аптабында жоңышқа дайындауға атсалысты. Көктемде жер жыртып, күзде егін жинауға қолғабыс жасады.

Кейіннен отбасы жағдайымен Теренөзек кентіне көшкен. Еңбекпен ерте есейген Мөкен мектеп қабырғасында 8 сынып оқып жүргенде-ақ шағын өлеңдер мен новеллалар жазып назарға ілінді. Еңбек жолын қарапайым құрылысшыдан бастаған ол тұрғын үйлер, мектеп, аурухана секілді ғимараттар салуға үлес қосты. Адамдардың бәрі сәнді де сапалы, ауласы жасыл желек жамылған, жеміс-жидегі төгілген үйлерде тұрса ғой деп армандайтын. Сол бір сезім әлі күнге дейін жүректе сақтаулы. Құрылыста еңбек ете жүріп, Теренөзек аудандық «Еңбек туы» газетіне мақалалар, өлеңдер бере бастаған кезде-ақ Мөкеннің – Мейрамбек Шілдебайұлының халық арасында «тілші бала» атанып кеткені бар. Аудандық газеттің жауапты хатшысы, бүгінде белгілі қарымды қаламгер Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Еркін Әбіловтің ұстаз ретінде Мөкенге көрсеткен көмегі көп болды. Сөйтіп жыл санап Мөкен мол тәжірибе жинақтады.

Өзінің ізгі арманы, жүрек қалауы – журналист болуды аңсаған Мөкен 4-5 жыл қатарынан Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік университетіне оқуға барды, түсе алмады. Ақыры 1980 жылы дайындық бөліміне, одан кейін бірінші курсқа қабылданып, өзінен 7-8 жас кішілермен өткізген студенттік кезі – өз алдына бір тұнған тарих.

Сонау 1986 жылы Теренөзек аудандық «Еңбек туы» газетіне қарапайым тілші болып қызметке орналасқан сәттен бастап Мөкен түрлі жанрда қалам тартып, көзге түсті. Өсіресе қоғамдағы түрлі құбылыстар, көкейтесті мәселелер жөнінде проблемалық және сыни мақалалары, моральдық-адамгершілік тақырыбындағы дүниелері жұртшылық көңілінен шықты. Өндірісті дамыту, ауыл шаруашылық салаларын әртарапандыру, құрылыс саласын өркендету, жолдарды жөндеу, көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, бәрі-бәрі назардан тыс қалған жоқ.

«Партия тұрмысы» бөлімінде тілші болған М.Шілдебайұлының қайта құру, тоқырау, шаруашылық есеп, өзін-өзі актау, қаржыландыру кезеңдерінде, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нарықтық экономика негіздері жайында қозғаған мәселелері қомақты болды. Сол жылдары шаруашылықтарда көкөніс-бақша өнімдерін молайту үшін жылжықайлар салу қолға алынғанды. Бірақ кейіннен тоқтап қалды. Мал шаруашылығын дамыту мәселесі де мардымды іске аспасты. Бұл маңызды мәселелерді де Мөкен жиі-жиі көтеріп отырды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық және рухани өміріндегі барлық салаларға қалам тартып, ел алғысына бөленген Мөкеннің аудан әкімінен алған Алғыс хаттары, Құрмет грамоталары, басқа да марапаттары баршылық.

Аудандық газеттің жауапты хатшысы, одан кейін редактордың орынбасары болып қызмет атқарған

кездері газеттің сапалы да көркем, тартымды әрі мазмұнды болып шығуына үлесін қосты.

«Уақыт өз дегенін істейді» деген рас-ау. Сонау Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан, 1990-1995 жылдары облыстық "Сыр бойы" газетімен етене араласып, өзекті мақалалар жазған Мөкенге аймақтың бас басылымында еңбек етудің сәті 2000 жылы бұйырыпты. «Сыр бойы» газетіне меншікті тілші болып орналасқан Мөкен осы басылымда еңбек еткен майталман журналистерден тәлім-тәрбие алып өсті. А.Ержан, Қ.Данабаев, Қ.Мырзахметов, Ж.Аксакалов ағаларының да жазу стилін, шеберлігін үйренуге тырысты. Басылымның сол кездегі басшылары бүгінде марқұм болып кеткен Ә.Рақымбекұлы, Ж.Рахматулла, О.Мақсұтұлының ақыл-кеңестері игі ықпалын, зор әсерін тигізді.

Журналистиканың темірқазығы іспетті әділдік, оперативтілік, халықшылдық, ұлтжандылық, ізгілік секілді ұстаным-принциптерін жете түсінген Мейрамбек Шілдебайұлы облыстық газеттің Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарындағы меншікті тілшісі қызметін абыроймен атқарды. Үш аудан өмірін жан-жақты қамтып, халықпен етене араласып, дос-жаран таба білді. Еңбегі ерекше бағаланып, облыстың Құрмет грамотасымен, Қазақстан Журналистер одағының арнайы дипломымен, үш аудан әкімінің Алғыс хатымен, тағы да басқа толып жатқан марапаттарға ие болды.

2008 жылғы ақпан айының соңы... Су тасқынының алдын алу мақсатында ұйымдастырылған арнайы топпен Қармақшыдан Жалағашқа тікұшақпен ұшу кезінде апатқа ұшырап, Құдайдың құдіретімен аман қалғанын ел жақсы біледі. Сол кездері тұла бойы түгел сынып, аяқ-қолы, бұғана-қабырғасы, омыртқасы опырылып жатса да, ауруханаға келген әйелі Роза Нұрадинқызына «Мына қағазды «Сыр бойына» салып жібер, ертең осы мақала шығуы керек» деген сөзі ел арасында аңыз болып тарап кетті. Өлім ауызында жатса да, жұмысты ойлаған Мөкенге сол кезде дәрігерлер де қайран қалыпты.

Журналистікті мамандық ретінде ғана емес, жүрек қалауы деп қабылдаған Мейрамбек Шілдебайұлы – ұстанымын ел мақсатымен ұштастырған қалам иесі ретінде құрметті де сыйлы жандардың бірі. Құдай қосқан қосағы, асыл жары Роза Нұрадинқызы тікұшақ апатына ұшыраған жұбайын төрт жыл емдетіп, бағып-қағып, аяғынан тік тұрғызды. Бірақ өзі наукастанып дүниеден ерте кетті. Қаншалықты ауыр болса да, Мөкен осы қиындыққа мойымай, қыздары мен ұлдарын құтты орнына қондырды. Үлкен қызы Перизат – екі баланың анасы, ауданда эпидемиолог-дәрігер. Екінші қызы Жазира – Тараз қаласындағы «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде бөлім басшысы, 3 баланың анасы. Үлкен ұлы Мейірбек құрылыс саласында еңбек етіп жүр. Шаңырақтың шаттығы, ажары мен базары, кішкентай да сүйкімді немересі Ғизаттың әкесі. Келіні Инжу – мұғалім. Ал кенже ұлы Абай – Қазақстан халқы Ассамблеясы Сырдария аудандық бөлімінде сарапшы болып қызмет етіп жатыр. Бүгінде Мөкен 6 немеренің атасы.

Еңбегімен елге танылған, өзінің азаматтық және көсіптік міндетін бұлжытпай орындай білетін Мөкеннің әлі де жазары, берері мол деп есептейміз. Мамырдың мамыражай алғашқы күнінде дүниеге келіп, Пайғамбар жасына жетіп, құрметті зейнет демалысына шығып отырған жанкешті журналистің шығармалары елге жете береді деп білеміз.

ЖЕҢІС – 76

«Қызыл жұлдызды» жауынгер

Жеңіс бізге оңайлықпен келмегені белгілі. Осы Жеңісті, осы ұлы қуанышты жақындатуға миллиондаған қандықойлек қаруластарымен бірге жерлесіміз Зейнетулла Орналиев те ұлес қосты. Оны кеше редакцияға келген ардагердің ұлы Әмірхан аға айтып берді. Әйгілі Хасан көлі маңындағы шайқасты бастан өткерген соғыс ардагері туған елге 1946 жылы оралып, бейбіт өмірде де қоғамдық тәртіпті сақтау саласында ұзақ жыл жемісті еңбек етіпті.

Зейнетулла Орналиев қазақ тарихындағы қасіретті жыл 1916-да туып, он бес жасында, яғни 1931 жылы Ташкент қаласына оқуға кетеді. Елге келгеннен кейін Қазалы қаласында ағарту саласында мұғалім болып жұмыс істей бастайды. 1937 жылы аудандық әскери комисариат арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Қыыр Шығыстағы Хасан көлінде болған шайқасқа қатысады. Хасан көліндегі екі апталық соғыста Қызыл Армия мен империялық Жапония арасында қиянкескі шайқас болды. Кеңес Одағы жапондықтарға күйрете соққы берді. Ол 1939 жылдың соңына дейін осы жерде әскери қызметте болған.

Жалпылама шолу жасасaq, 1938 жылы 3 шілдеде Жапон басшылығы кеңес шекарасының Посьетск телімінің маңына 3 жаяу әскер дивизия, механикаландырылған бригада, атты әскер полкі, 3 пулемет батальон және 70 ұшақ топтастырды. 29 шілдеде жапонның 2 ротасы шекарашылар бекініген Безымянный төбешігіне шабуыл жасайды. Күші басым жапондықтар 31 шілдеде тактикалық маңғызы бар Безымянный мен Заозерная төбешіктерін басып алды. Қыыр Шығыс округінің қолбасшысы, маршал В.Блохер

КСРО аумағына баса көктеп кірген жапондықтарға қарсы соққы беру үшін 2 дивизия, 1 механикаландырылған дивизия бөліді. 9 тамызда Кеңес аумағы жапон басқыншыларынан толық тазартылды.

Жауынгер З.Орналиевтің әскери қызметі 1940 жылдың басынан бастап Ташкент қаласындағы еңбекпен түзету лагерінде жалғасты. Осы жерде 1941 жылдың қазан айына дейін жұмыс атқарды. Мінсіз қызмет атқарған комсомол мүшесі коммунистік партия қатарына өтеді. Ел шетіне жау тигенде ол Өзбекстанда әскери қызметте болатын.

Ұлы Отан соғысына Ташкент облысы, Шыршық қаласынан шақырылып, Сталинград майданына жіберіледі. 1942 жылдың 30 қарашасы күні Сталинград маңындағы ол Цибенко деревнясында болған сұрапыл шайқаста қолындағы 45 мм артиллериялық қондырғысымен жаудың 1 пулемет және 1 минометін жойып, кеңес жаяу әскерінің шабуылына жол ашады. Әскери басшылық ертесіне ер-жүрек жауынгердің кеудесіне алғашқы «Ерлігі үшін» медалін тақты. Кейін «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталды.

1944 жылдың көктемінде



Украинаның Васильевский ауданына қарасты Латовнаның маңындағы шайқаста зенбірегімен жаудың 1 минометін және 30-ға жуық солдаты мен офицерін жойғаны үшін «Ерлігі үшін» медалімен екінші мәрте марапатталған. Сол жылы Ковалевка селосынан шыққан жауды қадағалап отырып, зенбіректен оқ жаудырып әскери жүк тиелген машиналарды және 30-дан астам солдат пен офицерді жойғаны үшін тағы да «Ерлігі үшін» медаліне ұсынылады.

Жеңіске жақын қалғанда Венгрия жеріндегі Секешфехервар қаласының Имре ауданының солтүстік және солтүстік-батыс беткейінің қорғаныс шебінен бұзуда көрсеткен ерлік іс-қимылы оның қайтпас қайсар солдат екенін көрсетті. Бұл жолы қазақ жауынгері дұшпанның 2 пулемет нүктесін, 1 бақылау пунктін және 20 солдат пен офицерінің көзін жойған.

АТЫ ҰРАНҒА АЙНАЛҒАН

Тәуелсіздік таңы атқалы қазақтың тарихындағы ақтандар парактар ашылып, ел тыныштығы жолында аттан түспеген батырлар есімі мен ерлігі халық қазынасына айналды. Дегенмен жеткілікті зерттелмеген, есімдері ұмыт бола бастағандар әлі де бар. Ерлік салтымен, айбатымен Сыр бойы және Батыс өңірі халқының есінде қалған Арыстанбай Айбасқай туралы не білеміз?

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Батыр баба туралы көп мәліметті біз Әбіш Кекілбаевтың «Есен-алан» романынан оқыдық. Онда Айбастың Арыстанбайының батырлығына қоса өткір тілді, алпыс екі айлаы екені де айтылған. Кіші жүз ханы Әбілқайыр жасағының бас қолбасшыларының бірі болып, жауға қарсы қол бастаған. Оның Ресей сияқты алпауыт елмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға ханға жәрдем көрсеткен батырлардың бірі болғаны осы көркем шығармада суреттеледі.

Келесі дереккөз – Қармақшының қадірлі қарты, ақын әрі шежіреші Әлімбаев Әлиасқаров қалдырған жазбалар. Бір жорықта Әбілқайыр ханның сарбаздары он күн бойы дамылсыз жауған күздің қара жаңбырына ұшырап, үлкен қорымды паналапты. Тамақ істеп ішуге бір тал құрғақ отын таппай әбден дағдарып, амалы таусылған Әбілқайыр Арыстанбайды шақырып алып:

– Батыр, қарап отырып аштан өлуге болмас. Жұртқа сездірмей, мына жатқан ескі бейіттердің бет ағашынан құрғағын әкел, – дейді. Хан өзімен құрдас болғандықтан да Арыстанбай батырға қысылтанып кезде өзгелердің қолынан келе бермейтін шаруаны әдейі тапсырады екен.

Бұл сөзді естіп қалған Бөкенбай мен Тайлак батырлар Арыстанбайды сынау үшін білдірмей екеуі бір көрге кіріп жатып алады. Арыстанбай қаннен қаперсіз бейіттердің бет ағашын тартып көріп жүрсе, бір көрден:

– О, қанжауыр жердің үстің тауысып, жер астыңдағыға маза бермедің бе? – деген дауыс шығыпты.

Сонда батыр: – Сен өлгенсің ғой, жата бер. Тірі Әбілқайыр қалды мезгілсіз өлтірмейік, – деп жүре берген екен.

Бұған риза болған Әбілқайыр: – Есте қаларлық басқа да оқиғаларды айт, – дейді. Сонда Арыстанбай:

– Мақтаныштың не керегі бар. Өмірімдегі екі қорыққанымды айтайын, – деп әңгіме бастапты.

– Есет батырға сәлемдесуге барғанымда батыр 95-ке келіп, отынын басында екі тізесі екі құлағынан қарыс асып, жүресінен отыр екен. Жөңеміз



«інің келді» деп құлағына айқайлады. Сонда «қарағым Арыстанбай келді ме? Келші, көрісейік» деп құшағын жайды. Мен құшақтың арасында тұрымтай құстай болдым, торғайдай шырылдадым. Айқастары қысқан қос білектің арасындағы он екі мүшемен сау сүйек қалмай қираған шығар деп, бірінші қорыққаным осы болды. Сонда Есет батырдың «ойбұй, Арыстанбай, әркім өзінің заманында, сенің де заманыңда әлің келетін адамың болғаны да. Басың алтын, бөксең мырыш екен ғой. Ұрпағыңнан жеті атадан әріде басмаса батыр шықпайды. Сенің аттыңды шығарып жүрген тіліңнің шіреші мен түрлі оңер-айлаң екен ғой. Аттың артық айылып тартқанша, алпыс екі амалын бар екен. Қарағым, қапаланба» деген сөзі әлі есімде.

Екінші қорыққаным, жошырықтан қайтып келе жатқан едік. Артымыздан бір шаң көрінген соң, қосынды ілгері жіберіп, тосып қалдым. Желдей есіп келе жатқан біреу. Екі иығында екі қара бүркіт, ербең-ербең етеді. Назары өте суық қалмақтың жап-жаз баласы екен. Қарапайым тұрып қасиетім қашты, қорыққаннан балаға сәлем бердім. Бала қосынға жетіп, ешкімге тимей, олжаға келе жатқан өзінің анасын алды да, «батыр, олжада жұмысым жоқ, құнң тұса көрермін, анамды алдым, болды» деп жүре берді. Сонда қатты назарлап қарадым. Намыс бойымды буып барады. «Арыстанбай бір баладан қорқып, олжасынан айырылды»

деген атақтан өлім дұрыс емес пе? Көп аялдамай, баланы қайта қудым. Үйіне келсем, ту сырты қарайып кетіп өліпті. Жерлеп болған соң, шешесін алып қайттым. Содан былай біреуге назарлап қарамайтын болдым, – депті.

Бір жорықта жолда ат соғып шаршаған батыр демалуға жатса, денесін салмақ басыпты.

Сол жылдың 11 қаңтарында Замель ауданында жаудың жаяу әскері мен танкілерінің шабуылына тойтарыс беру кезінде өміріне төнген қауіпке қарамастан зенбіректен оқ жаудырып, фашистердің 1 танк пен пулеметімен қоса 25 солдат-офицерін жер жастандырады.

Аға сержант З.Орналиев көрсеткен ерлігі және соғыс кезінде қарамағындағы жауынгерлерге басшылық жасағаны үшін 1945 жылы мемлекеттік награда – «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. Жалпы, «Қызыл Жұлдыз» ордені соғыс кезінде командирдің тапсырған нақты бұйрығын толық орындағаны үшін беріледі. Сол жылы желтоқсан айында ол «Будапешт қаласын алғаны үшін» медалін омырауына тағыпты.

Туған елге аман-есен оралған жеңіс жауынгері 1946-1947 жылдары Қазалы ауданының Микоян қолхозында насихатшы (агитатор) болып жұмыс істеді. Бейбіт өмірде қоғамдық тәртіп сақтау саласында көп жыл еңбек етіп, 1947-1970 жылдары Жосалы темір жол бекетінде миллионер қызметін атқарды. Ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін бірнеше рет мемлекет тарапынан алғысқа ие болды.

Соғыс ардагері З.Орналиев зейнетке 1970 жылы шықса да, қол қусырып отырмай, ауданның қоғамдық жұмыстарына белсене араласады. Зайыбы Айбарша Есетқызы екеуі жеткізген жеті баласынан тараған ұрпақтары өсіп-өніп, бүгінде түрлі салада еңбек етіп жүр.

ДАЙБОЛАТУЛЫ

түскенде үй иесі Арыстанбайдың шылбырына оралып, барын беріп, батасын алады. Кеше ғана өлген 15-тегі баласының жағдайын айтқанда батыр:

– Атын өлсе, биен төлейді, Атаның өлсе, түйең төлейді, Ұлың өлсе, Жаратқан мен төлейді. Аспа, саспа, «Мен жоқ болдым» дегеннің талайы көбейді.

Қаңғырып жүріп, хан болғанды көргенмін, Шалдығып жүріп, бар болғанды көргенмін, «Маған енді ұрпақ қайда» дегеннің Орда шақты жан болғанын көргенмін.

Атаң қазақ айтпап па еді Итің мен малыңды теппе, Құты бар, Келсе мейманыңды кідіртпе, Күтіп ал, «Қырықтың бірі – Қыдыр» болады,

Демеп пе еді онда бақ пенен ырысың бар, – депті. Ризашылығын білдіріп, «саған рахмет, аға жолын тұттын. Аман бол, мен бес ұл бердім. Құдай менен жарлы емес. Қалғанын өзің сұрай бер» деп бата беріпті. Бұл – батырдың ерлігіне қоса артына аталы сөз қалдырғанын айқындайтын мысалдар.

Арыстанбай бабамыздың даңқын сол замандардың көзі мен құлағы, һәм шарайнасы болған дүлдүл ақандар мен жыраулар бүгінгі дәуірге жеткізген. Сыр сүлейі Шегебай Бектасұлы толғауында:

– Ордасын бұзып қалмақтың, Арыстанбай да өтіпті. Ұранға шыққан ерлігін, Көрсеткен боз ат болды күн Өрі шешен, әрі ақын – Қожағелдінің батыры, Кетеген шыдап көмбеден! – деп жырлаған.

Ал Тұрмағамбет ақын: – Арыстанбай мен Сәлтеке, Айбаты бейне арыстан. Қасарысқан дұшпанды Табанға басып жанышқан! – деп рухын асқақтата түседі.

Ерлікті дәріптеген қазақтың тарихындағы есімі ұранға айналған батырлардың бірі – Арыстанбай баба. Бұл қорық кім көрінгенге көрсетіле бермейді. Баба атын ұрандау арқылы талай сын сағатта ел рухы көтерілді, намыстың байрағы биікте желбіреді. Кезінде Әбілхайыр хан батыр есімін өз пәрменімен ұран етіп қабылдап екен. Содан бері қанша ғасыр өтсе де, ұрпақтары ас-тойларда, мерекелерде, жүйрік аты аламан бәйгеге шапқанда «Арыстанбайлап!» ұрандайды.

Батыр 84 жасында тауық жылында қайтыс болған, бейігі Арқада. Қазақ жерінің тұтастығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Арыстанбай батырдың есімін ұрпақтары қастер тұтып келеді.

Тағы бірде жолым үйге

● ЖЕҢІС-76

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҚАЙРАТКЕР

Жасымыз тоқсаннан асып, осы ғұмырымызда ауданның дамуына өзіндік үлесімізді қосқаннан кейін өткен-кеткенді жиі ойлаймыз. Оның үстіне ауданның Құрметті азаматы болған соң оның да өзіндік жауапкершілігі бар. Өз қатарымызға лайықты, кейінгі буынға үлгілі іс жасап, дұрыс сөз арнағымыз келеді. Осындай ордалы ойлар жақында Сырдария ауданы С.Сейфуллин ауылының тұрғыны, ауылдық қоғамдық кеңес мүшесі Итемір Фазыловпен және бірқатар ауыл ардагерлерімен пікірлескеннен кейін туындап, қолға қалам алдым.

Аудан жұртшылығы Есназаровтар әулетін жақсы біледі. Ұстаздық қызметті ұлағатты іс санаған бұл іргелі әулеттің бүгінде үшінші, төртінші буынына дейін бала оқытумен айналысып келеді, яғни, ауданның білім беру саласында Мансұр Есназаровтың ұрпақтарының өзіндік орны бар. Енді тұлғаның тағалымға толы тағдыр жолына тоқталайын.

Мансұр Есназаров 1912 жылдың тумасы, бұрынғы Құндызды ауылында (қазіргі С.Сейфуллин ауылы) туып, осында ер жеткен. Ескіше хат танып, сауатын ашқан ол 1938 жылы Қызылордадағы екі жылдық педагогикалық курсты бітірісімен Арал ауданындағы «Октябрь» мектебіне директор болып тағайындалады. Қолдағы құжаттарға сүйенсек, бұл 1938 жылдың 20 шілдесі екен. Қазіргі Шижағадә осыдан 83 жыл бұрын мектеп ғимараты болмапты. Елді мекен балаларының білім алуы үшін сол кезде Мансұр Есназаровтың бастамасымен, асар әдісімен мектеп салынған. Бұл мектеп біраз жыл халық игілігі үшін жұмыс істеген.

Бала оқытумен айналысып жүрген М.Есназаров 1939 жылдың аяғында әскерге шақырылады. Сөйтіп, Фин соғысына қатысады. Одан кейін Ұлы Отан соғысының өрті тұтанып, майдан даласындағы жауынгерлік жолы от пен өрттің ортасында жалғаса түседі. Сұрапыл соғыс жылдарында 211-дивизия құрамындағы атқыштар ротасының саяси жетекшісі, кейіннен атқыштар ротасының командирі қызметтерін атқарады. Екі рет ауыр жараланған. Осы ретте, майдандардың соғыс жылдарында СОКП қатарына қабылданғанын атап өтуіміз қажет. Сондай-ақ жауға қарсы күресті Батыс майданында бастап, әскери міндетін Жапониямен шекарада аяқтап, елге аман-есен оралады. Ал бірге туған екі бауыры Рай мен Нұрғазы соғыс даласында шейіт болады.

Елге оралған М.Есназаров қайтадан ағартушылық қызметті қолға алады. Теренөзектегі балалар үйінде, Жалағаш ауданындағы Ірікөл мектебінде директор және Сталин атындағы мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін абыроймен атқарады. Еңбек ете жүріп, Қызылордадағы мұғалімдер институтының химия, биология факультетінде оқып, білімін жетілдіреді.

Саналы ғұмыры білім беру саласына арналған кейіпкеріміз 1952 жылы іргелі істі қолға алды. Ол өзі туып-өскен Құндызды ауылдық кеңесіне қарасты сол кездегі «І Май», «Құндызды»



колхозы жұмысшылары демеушілігімен салынған №137 «І Май» мектебінің іргетасын қалауға атсалысты. Ол 1965-1974 жылдары осы білім ордасына жетекшілік етті. Қазір сол ауылдағы №137 орта мектептің жаңа ғимаратын 1972-1974 жылы салғызуы да үлкен еңбектің арқасы деп бағалауға болады. Сол мектепке оқушылар қабылданған жылы Мансұр ақсақал зейнеткерлікке шыққан еді. Білікті басшы, тәжірибелі ұстаз көптеген шәкірт тәрбиелеп, қоғамда сыйлы азамат болды. Ауыл балаларының қала орталығында білім алуға қолдан келген көмегін аяған жоқ. Жақсының шарапатын көріп, қалада білім алған азаматтар бүгінде арамызда жүр.

Ел үшін еткен ерлік пен еңбек ескерусіз қалмайды. Майдангер «Германияны жеңгені үшін», медальмен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жанқиярлық ерлігі үшін» медалін екі мәрте иеленді. КСРО Қарулы Күштерінің түрлі мерекелік медальдары кеудесінде жарқырады. КСРО Қорғаныс министрі А.Гречконың атынан арнайы құттықтау берілді. Қызметте ұстаздардың ұстазы атанып, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалін кеудесіне тақты. Бірнеше «Құрмет грамоталармен» марапатталды. Мұның бәрі – еткен еңбектің, төгілген тердің жемісі. Сондай-ақ халықтың ыстық ықыласының белгісі.

«Ұстаздық – барлық мамандықтың төресі» деп бекер айтылмаған. Ұлтымыздың біртуар азаматтары ананы қалай қадірлесе, ұстазды да солай құрметтеу керектігін білдіретін көптеген даналық сөздерді кейінгі буынға өсиет еткен. Осы ретте, білім саласының білгірі Мансұр Есназаровтың аймағымызға танымал болған Сейіт-

нәби Мұқашев, Төлек Сақтағанов, Ахат Жанаев секілді азаматтарға ағалық, ұстаздық ақыл-кеңес, бағыт-бағдар бергенін айтпай өту мүмкін емес. Сонымен бірге мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаев ғұмыры ғибратқа толы Мансұр Есназаровты өзінің ұстазы санап, ерекше қадірлеген. Біз де қайраткер тұлғаның жақсы қасиеттерін, адамгершілігін көріп, тектілігіне талай мәрте куә болдық.

Қызметте елге сыйлы болған азамат отбасында да аса қадірлі еді. Жұбайы Ұлжан Отеулықызымен бірге тәрбиелі де тәлімді ұл-қыздар тәрбиелеп өсірді. Бүгінде Есназаровтар «Педагогтар әулеті» саналады. Өке жолын жалғаған қыз Рахия Есназарова – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті. Ал Серік Есназар №137 орта мектебін бірнеше жыл абыроймен басқарды, әлі де білім беру саласында тер төгіп жүр. Немересі Бағдат Есназар аудандық білім бөлімінде еңбек етіп, қазір ата жолын абыроймен жалған С.Сейфуллин ауылындағы орта мектебінің директоры қызметін атқаруда. Ол – аудандық мәслихаттың VI, VII шақырылым депутаты, ақын. Тағы бір немересі Нұрмат Мансұровтың айтыстың ақтангері екенін жұртшылық жақсы біледі. Нұрматтың ауданның ғана емес облыстың абыройын асқақтатқанына талай мәрте куә болдық.

Ол қазақ айтыс өнерін Парижде, Өзбекстанда, Қырғызстанда насихаттады. «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атанған ол текті атаның ұрпағы екенін әрқаз мақтан етіп айтып жүреді. Ұлағатты ұрпақтар тізбегі осылай жалғасып кете береді. Бөрінің жетістігі көп, абыройы асқақ. Олар майдан даласында ерлік көрсетіп, елге жеңіспен оралған, бейбіт күнде мектеп салып, елді білім нәрімен сусындатқан Мансұр Есназаровтай арасын мақтан тұтады.

Ұстаздық қызметтің мәртебесін ту еткен тұлға 1990 жылы дүниеден озды. Артында өшпес із қалды. Ел-халық әлі күнге Мансұр Есназаровтың жақсы істерін айтып, дәріптеп отырады. Осындай тұлғаның есімін жаңғырту үшін Теренөзек кентіндегі жаңа қоныстану аймағы мен өзі туып-өскен, азамат ретінде қалыптасқан жеңе ұзақ уақыт тер төккен С.Сейфуллин ауылындағы бір көшеге немесе өзі іргетасын қалаған мектепке Мансұр Есназаровтың аты берілсе деген ойымыз бар. Бұл ұсынысымызды ауыл асқақалдары, қоғамдық кеңес мүшелері қолдайды деп сенемін. Заңдылыққа сәйкес құжаттары жинақталып, реттелсе, ономастика комиссиясының қарауына ұсынылады деп ойлаймын. Қалғаны – уақыттың еншісіндегі іс. Біздікі құрметке лайық қайраткердің рухы алдындағы іргелі істі бірлікпен атқаруға үлес қосу.

Рақымжан БӨЙМЕНОВ,
тыл және еңбек ардагері,
«Сырдария ауданының Құрметті азаматы»

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30 сәуір 2021 жыл

№12

Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер енгізу және «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерге (субъектілерге) шектеу шараларын бекіту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 13 сәуір 2021 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралар туралы» №8 Қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

1) 1 тармақ келесі редакциядағы 52) –тармақшасымен толықтырылсын:

«52) ойын-сауық парктері, ашық ауадағы аттракциондардың жұмысы, жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 10.00-ден 23.00-ге дейін, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 45-қосымшасымен бекітілген Алгоритмді (27.02.2021ж. №9 Қаулымен енгізілген өзгерістермен) және күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен.».

2. Барлық деңгейдегі әкімдіктерге, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына, «КТЖ-Жұк тасымалы» акционерлік қоғамы филиалының «ТП Қызылордалық бөлімшесіне», құқық қорғау мен арнайы органдарға:

1) осы Қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезінде «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерге (субъектілерге) шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруды қамтамасыз ету;

2) «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді (субъектілерді) мониторингтен қамтамасыз ету;

3) шектеу, оның ішінде карантин шаралары кезінде шектеу шараларын немесе басқа да

талаптарды орындамау, бұзушылықтар анықталған кезде тиісті әкімшілік шараларды, оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес объектінің қызметін тоқтата тұру жөніндегі шараларды қолдануды;

4) қызметті Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген Алгоритмдеріне сәйкес жүзеге асыру;

3. Меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдар мен кәсіпорындар санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етсін:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізу» № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен (маскалармен, қолғаптармен) қамтамасыз ету;

- үй-жайларға, ғимараттарға кіреберісте және одан шығарыста санитариялық қорғаныс құралдарымен (маскалармен, қолғаптармен) қамтамасыз ету;

- үй-жайларға, ғимараттарға кіреберісте және одан шығарыста санитариялық қорғаныс құралдарымен (маскалармен, қолғаптармен) қамтамасыз ету;

- келушілерге, клиенттерге үй-жайларға бетпердесіз кіруге жол бермеу;

- үй-жайлардың ішінде және сыртында әлеуметтік қашықтықтың сақталуын бақылау, белгілердің болуын қамтамасыз ету;

- үнемі үй-жайларда ылғалды жинауды, дезинфекциялауды және желдетуді жүргізу;

- келушілердің жай-күйін тұрақты мониторингтеу үшін барлық объектілердің кіреберісінде қол тепловизорының көмегімен қашықтықтан байланыссыз термометрия жүргізу;

- жүргізілген/алынған қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін (төлем карталары, телефондағы қосымша) барынша жағдай жасау.

4. Қызылорда облысының тұрғындары және қонақтарына келесі талаптарды сақтауды жал-

ғастырсын:

- бұқаралық іс-шараларды, отбасылық, еске алу іс-шараларын қосқанда, оның ішінде үйде (ауыз-ашар, банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу және т.б.) ұйымдастыру және өткізуге, митингтер, шерулер, жиындар және т.б. өткізуге және қатысуға тыйым салу;

- қызметі жаңартылмаған объектілерге: боулинг-орталықтарға, компьютерлік клубтарға («Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда), кино-театрлар, кинорумдар, билыярд, караоке, батуттар, түнгі клубтар, букмекерлік кеңселер мен ойын клубтарына, оның ішінде жабық үй-жайлардағы лотереялар, балалар ойын орталықтары және ойын алаңдары мен аттракциондар, оның ішінде спорт объектілерінде орналасқандарды қоспағанда, мұз және ролікті мұз айдындарына баруға тыйым салу;

- «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін App Store және Play Market-тен жүктеу үшін қолжетімді «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалану қажет;

- қоғамдық орындарға, оның ішінде қалалық қоғамдық көліктерге, қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (ашық ауада спортпен шұғылдану кезінде және 5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда) бетперде киюі қажетті «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтау.

5. Осы Қаулыны меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

6. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

Д.Жанабергенова

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «30» сәуірдегі №12 Қаулысына 1-қосымша

«Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің (субъектілердің) жұмысын шектеу өлшемшарттары

№	Объектілер/салалар	Жұмыс режимі
1	Банкет залдарын, асхана, фаст-фуд, стрит-фуд үлгісіндегі объектілерді қоспағанда, қоғамдық тамақтану орындары	ғимараттардың ішінде толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан аспайтын жұмыс кестесін сағат 7.00-ден 24.00-ге дейін және ашық ауада (жаздық зал) отыратын орын саны 50-дан аспайтын шарттарды сақтаған жағдайда, көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр және орындықтар арасында 60 сантиметр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып қызметі шектелсін
2	Сауналар	50%-дан аспайтын толтырумен, 1 келушіге 4 ш. м., уақыты бойынша сағат 09:00-ден 23:00-ге дейін шектеумен, жексенбі күні қызметін тоқтата отырып қалыпты режимде
3	СПА-орталықтар, бассейндер	Бассейндер-жеке форматта, бір адамға 5 шаршы метр су айнасы есебінен
4	Йога орталықтарын қоса алғанда фитнес-клубтары	қалыпты режимде
5	Театрлар, филармониялар, концерт залдар	қалыпты режимде 20%-дан аспайтын толтырумен
6	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	осы тасымалдар рұқсат етілген облыстардың, қалалардың және елді мекендердің аумағына толтырылуы 75%-дан, бірақ 15 адамнан аспайтын
7	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	осы тасымалдар рұқсат етілген облыстардың, қалалардың және елді мекендердің аумағына толтырылуы 75% - дан, бірақ 15 адамнан аспайтын
8	Компьютерлік клубтар, PlayStation клубтары	уақыты бойынша сағат 12:00-ден 24:00-ге дейін шектеумен, толтырылуы 50%-дан аспай.
9	Боулинг клубтары	16 жасқа ғана толған және одан жоғары тұлғаларға уақыты бойынша сағат 12:00-ден 24:00-ге дейін шектеумен, толтырылуы 50%-дан аспай

«Бізді футбол добына айналдырды»

Облыстық кәсіпкерлер палатасына жиналған мейрамхана иелері осылай деп отыр. Олар көбінін қалай сақтап қалатынын білмейді.

– Облыстағы эпид ахуалға орай «қызыл аймаққа» енген соң 22 сәуірде жаңа қаулы шығып, жұмыс уақытымызды сағат 20.00-ге дейін қысқартып тасталды. «Қызыл аймаққа» өтуіміздің негізгі себебі білім беру мекемелерінің оффлайнға өтуі салдарынан екенін барлығы біледі. Ойланбай жасалған қадамның зардабын неге кәсіпкерлер тартуы керек? – дейді кәсіпкер Ақмарал Әбдіразақова.

Мейрамхана иелері жұмыс уақыты мен келетін тұтынушылар санын қысқартқанымен, оларға қызмет көрсететін қызметкерлер санын, олардың жалақысын қысқарта алмайды.

– Қоғамдық тамақтану орны аспазсыз, техникалық қызметкерсіз, даяшы мен өзге де қызметкерлерсіз қалай жұмыс істемек? Жұмысқа шыққан қызметкерлерге ақысын толық төлейміз. Оларды да түсінуге болады. Себебі азық-түлік пен коммуналдық қызметтердің бағасы күн санап көтерілуде, – деді кәсіпкерлердің бірі.

Коммуналдық қызмет ақысы кәсіпкерлерге де ауыртылдық ту-

дырып тұр. Мейрамхана иелері мұнайлы өңір Атырау, Маңғыстауда табиғи газ бағасының 1 текше метрі 8-9 теңге, ал дәл осындай табиғи газы бар Қызылордада 18,6 теңге екенін ашына айтты. «Электр энергиясының бағасы да өзге өңірлермен салыстырғанда Қызылордада жоғары» деп кәсіпкерлер палатасы директорынан бұл мәселені құзырлы мекемелер арқылы шешуге көмек сұрады.

Палата директоры Ғалымбек Жақсылыков мамандар тиісті органдармен бірге мәселенің шешу жолдарын қарастыратынын нәтижесі бойынша кәсіпкерлерді хабардар ететінін жеткізді.

Отырыста «Ashyq» жобасы да талқыланды. Палата басышы жобаның бизнес өкілдері үшін тиімділігін, ерекшеліктерін түсіндіріп өтті.

Айта кету керек, «Ashyq» жобасы аясында жұмыс істеу үшін Қызылорда облысынан 28 кәсіпкер QR код алды. Оның 19-ы – қоғамдық тамақтану саласындағы кәсіпкерлік нысаны. Әзірге жобадә тесттік режимде жұмыс істеп жатыр.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі

Хабарландыру

“Қызылорда Текстиль” ЖШС (БСН: 190540011327) жарғылық капиталының азайтылғанын хабарлайды. Талаптар жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде: Қызылорда қаласы, “Арай” шағын ауданы, С.Сапарбеков көшесі 45а үйде хабарланады.

“Қызылорда Текстиль” ЖШС

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақ–мешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E–mail: smjarnama@mail.ru

Әкімшілік іс жүргізу қатысушыларына қатысты жаңалық



Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті Әкімшілік процеске қатысушылар үшін кері байланыстың жаңа функционалын іске асырды.

Осы функционалда Әкімшілік іс жүргізудің бірінші тізілімінің жария секторының модулі болып табылады және Әкімшілік процеске қатысушылардың ыңғайлылығы мен уақытын үнемдеу үшін құрылған. Осы қосымшаның көмегімен қатысушылар Әкімшілік іс бойынша өтінішті немесе шағымды тікелей оны қараған органға жібере алады және оған уақытылы жауап алады.

Ол үшін qamqor.gov.kz ақпараттық сервисінде «Әкімшілік

құқық бұзушылықтарға шағым жасау» қосымша бетін таңдау қажет.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 826-1-бабы тәртібінде шағымды процеске қатысушы ғана өзінің электрондық-цифрлық қолтаңбасының (ЭЦҚ) көмегімен авторландыру арқылы бере алады.

Шағымның мәнін баяндаумен қатар іс бойынша растайтын құжаттарды бекіту мүмкіндігі бар.

Өтініш сақталғаннан кейін ол мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына Әкімшілік іс жүргізудің бірінші тізілімінің ақпараттық жүйесіне түседі.

Шағымды қарау нәтижесі өтініш берушінің е-майл поштасына

электрондық хатпен жолданады.

Әкімшілік іс бойынша қаулыға және айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға берілетін шағымдарды қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 826-2, 826-3, 826-4, 826-5-баптарымен реттеледі.

Сонымен қатар бұл жүйеде авторландыру, шағымдану және шағымның жүйедегі мәртебесін қарау бойынша қолданушыға арналған нұсқаулық бар.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасы



1990 жылдың соңғы күндерінің бірінде облыстық радиокомитетінің басшысы Жақсылық Бекхожаев ағамыз телефон шалып өзіне шақырды. Ол кезде радиомен тығыз байланыста болып, жыл бойына менің бірнеше хабарым эфирде шығып тұратын кез еді. Жәкен ешкімге жаттығы жоқ жайсаң бір жан ғой, қолына қалам ұстап, тілге тиек, ойға сабақ болар пікірі бар азаматты таныса, эфирге сүйреп, халыққа таныстыруға асығатын.

Жәкеннің кабинетінің есігінен сығаласам, бас редактор Есенгелді Шілдебаев екеуі қызу әңгіме үстінде отыр екен, мені байқап қалып:

– Хүсейн, кел-кел, сені күтіп отырмыз. Дәл келдің! – деп өзінің сәл қарлығуға жақын жадыранқы үнімен мені орталарына шақырды.

Ол кісінің кіріспе жасап, орағытып барып әңгіме бастайтын әдеті жоқ, төтесінен:

– Хүсейн, былай. Қызыл-ордадан радиомен қатар, облыстық телевидение ашылғалы жатыр. Міне, соған біз сені бас режиссерлік қызметіне шақырғалы отырмыз.

Шынын айтқанда, тап сол кезде театрда онша жағдайым болмай жүрген сәт еді, бірақ театрды басқа жұмысқа айырбастау деген ойым түгелі түсіме де кірмеген іс еді. Мен үнісіз ол кісіге қараппын да қалыппын. Жәкен не дейсің дегендей Есенгелдіге қарады. Оның құрдастығы бар, маған ежірейе қарап:

– Ей, саған не болды? Төбенімен біреу қойып қалғандай. Жәкен саған жаңадан ашылатын телевидениенің бас режиссері боласың деп отыр ғой.

– Дұрыс қой, бірақ... – Бірақ, сырақ дейтін ештемесі жоқ. Бұл жақсы ұсынғын, Хүсейн. Тек келісімнің болса болды, қазір бұйрық бергізем. Мәдениет басқармасымен өзім сөйлесем, – деп Жәкен әңгімені жеделдете түсті.

– Мен енді үйімен... ақылдасайын – дегенге аузым барды. – Ақылдасқанда... деді де, Жәкен бірден телефон нөмерін бере бастады. Байқаймын біздің үйдің телефоны. Әлия үйде болмаса екен деп ойлана бергенде Жәкен де менің келіншегіммен сөйлесе бастады. – Әле, Әлия, сен бе? Сәләмат па, Әлия? Балалар қалай? Жақсылық ағаң ғой. Иә, Біз мына Хүсейнмен ақылдасып отырмыз. Бізде телевидение ашылайын деп жатыр ғой. Соған бас режиссер боласың деп шақырсак, үйімен ақылдасайын дейді. Үй сен емес пе? Ал, ақылдасайық. Сен не дейсің?

Ал, ендеше! Не керек, мен сол жолы Жәкеннің кабинетінен ашылғалы жатқан Қызылорда теле-

студиясының бас режиссері болып шықтым.



Жәкен өмірде жұмсақ, елгезек болғанымен іске келгенде жылдам, ойға тез, шешімді шұғыл қабылдайтын батыл кісі болатын.

Көп ұзамай аппараттар келе бастады. Техниканың қыр-сырын үйрене бастадық. Менің көп жұмысым кнопка басудан тұрады екен, дер кезінде және дәлме-дәл басып ұлгуы керек, сөйтіп хабарды экранға дұрыстап көрсете білу керек. Біздің бар жұмысымыз аппараттар орналасқан үлкен машинаның ішінде өтіп жатты. Кнопкалардан мимызы шаршап отырған сәттерде, біздің осы жағдайымызды сезгендей Жәкен машинаның есігін сарт еткізіп ашып келе қалады.

– Иә, қалай болып жатырсыңдар?

– Аза-а-ап! – деймін мен.

– Иә, иә, телевидение деген онай шаруа емес. Үйрене беріндер, үйрене беріндер, пайдасын ертең көресіндер.

Сонымен, бес айдай аппараттармен алысып, одан Алматыдан келген мамандардың бақылауымен тағы да үйреніп, кнопкалардың тілін тани бастадық.

Әсіресе май айы жақын-даған сайын дегбіріміз таусылып, жұмысымыз қыза түсті. Тынымсыз, істі бітпмей қоймайтын кісі ғой, бізді тезірек үйренсін дейтін болуы керек, Жәкеннің біздің кабинетімізге келуі де жиіледі.

1 май – мерекелік салтанатты күні тікелей эфирде алғашқы хабарымызды бастауымыз керек.

Апрельдің аяғында дикторлар конкурсын өткізіп, оларды да дайындап жатырмыз.

Сценарий күнде өзгереді. Есенгелді де сабырлы көрінгенімен, ол да іштей тебіреніп, өзінің сасқалақтаған мазасыз қалпын білдіргісі келмей, бізбен әңгімелескенде ұстамды болуға тырысады. Орыс хабарларының бас редакторы Баян Исламбаева, Алматыдан арнайы шақырумен келген Айтқұл Шалғынбаева өздерінің жылдамдықтарын сез-

техниктер сақадай сай тұрды десе м арттық айтпаған болар едім. 1 май күні де жетті-ау.

Қызылордалықтар болып өзіміз демонстрацияға шығатындай шыттай киініп, тоқпақтай галстук тағып телевидениеге келе қалмаймыз ба? Алматылықтар біздердің түрімізді көріп – ал күлсін:

– Ау, ағайын жұмысты кім істейді?

– Бүгінше сіздер істемейсіздер ме?

– Бәлі деген! Біз демалуға келдік пе десек, бізді жұмысқа салып қойғыларың келген екен ғой! Қойыңдар, келіндер, пульта көздерің отырыңдар! – деп орынды босатып, өздері сыртымыздан бақылауға көшті.

Он Тоғыз Сегіз Жеті Алты Бес Төрт Үш Екі Бір Ал, кеттік! Гагариншілеп, біз де Қызылорда эфирінен алғашқы хабарды осылайша бастаған болатынбыз. Галстук босатылды, костюм шешілді, өзіміз бусанып, тура шоктың үстінде отырғандай қалт жібермей мониторлардан көз алмаймыз. Орталық алаңда үш оператор жұмыс істеп жатыр.

– Бірінші, шеруді түгел алсай! – Екінші, жұмыс саған ауысты, трибунадан кісілерді көрсет. Асықпай көрсетейші!

– Үшінші, енді сенің кезеңің, сөйлейтін кісіні крупный планмен ал. Дұрыс! Жартылай Жәкенді де көрсет. Микрофонды жақындатыс. Жәке, бастай беріңіз. Белгі берсеңдерші.

Жәкен, Есенгелді, Баян, Айтқұл бәрі де алаңда жүр. Бірінен соң бірі қонақтарға микрофон ұсынуда. Одан алаңдағы халықтың шеруі. Лек-легімен!

Демонстрация біткенше бізде тыным болған жоқ. Бүкіл команда бір кісідей жұмылып, алғашқы хабарды өткіздік-ау.

Осылайша Қызылорда теле-студиясының тұсауы кесіліп, Сыр елінде көгілдір экран өз хабарын тарата бастады.

Мен де уақытша театрымды қойып, телестудияның бір мүшесі болып жұмысымды бастаған едім. Жәкен болмаса, әрине, мен барар ма едім, бармас па едім. Қатты сыйлайтын кісім ғой, сөйтіп телестудияның нанын бір жылдай азық еткенім бар еді.

Хүсейн ӘМІР-ТЕМІР, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы

Жас журналистер байқауы өтеді

Облыстық «Сыр бойы» газеті Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жас журналистер арасында Қалқабай Әбенов атындағы «Тәуелсіздік толғауы» атты байқау жариялайды.

Жалпы ереже

Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

Байқаудың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы облыстық ішкі саясат басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы.

Байқаудың мақсаты: Жас журналистер шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:

Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.


Байқауға Тәуелсіздік жылдарындағы елдің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуы, жастар саясаты, ұлтаралық татулық, жалпы, қоғамның бет-бейнесі туралы талдау, зерттеу тұрғысындағы еңбектер, тың тақырыптар (қазақ және орыс тілдерінде) жіберіледі.

Байқауға бұрын-соңды баспа бетінде жарияланбаған, эфирден тек байқау кезеңінде өткен материалдар жіберіледі.


Байқауға жасы 35-ке дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатыса алады.

Байқау материалдары тиісті баспа және телеарна жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бойынша 2 не 3 материалдан әрқайсысы 3 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Сондай-ақ, телеарна тілшілері еңбектерін



«ЖЕНЫШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ



«Женьшень - өмір қуаты» балъзамы – (Сейсенбік дөларациясы) БАЭС №810 Д-НУ АӘБ1.Б-14213. 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:



Бaubekova Айгүл, 49 жас, Алматы обл., Ескелді ауд.
«Женьшень» балъзамын жарты жылдан аса ішіп жатырмын. 1 жыл бұрын өтімді алып тастаған. Содан қатты ауырып, ішкен тамағым жақпай, құсып әлсіреп кеттім. Қазір балъзам ішкелі жақсы болдым. Көп дәрі-дәрмек ішітм, ештеңе көмектеспеді. Осы балъзамды ішкеніме өкінбеймін. Өте жақсы балъзам!




Гулъза Каримова, Қордай ауд.
«Женьшень» балъзамын анам, қызым үшеміз алып ішіп жатырмыз. Анамның қан қысымы жоғары және бронхиты бар. Ал қызымның имунитеті төмен болғандықтан, тез ауырады. Әсіресе қазір көктемнің кезінде әлсіреп, ауырғыш болып кетті. Менің асқаным ауырады, ішек жолдарында жара пайда болып, содан жапа шегіп келем. Қан қысымым да жоғары. Буындарым ауырады. «Женьшень» балъзамын ішкеннен бері баріміздің ауруларымыз білінбей қалды. Бұдан әрі қарай тек «Женьшень» балъзамын ішеміз.



Т.Матаев, Жамбыл обл.
«Женьшень» балъзамын көптен бері ішіп жүрмін. Әсері өте жақсы. Қан қысымы қалпына келіп, асқан жолдарының жұмысы жақсарды. Маған жақсы жәрдем беріп жатыр. Бұрын тамаққа төбетім болмайтын, қазір тамақты жақсы жеймін, талғамаймын. Балъзам өндірушілерге көп рахмет!



Шауенова Зина, 1963 жас, Алматы қаласы
Мен осы балъзамды ұзақ уақыт бойы ішіп жатырмын. Қан қысымым жоғары болып мазалайтын. Ми қан тамырлары дұрыс жұмыс істемей үнемі жатып қалатынымын. Ештеңеге зауық болмайтын. Қатты ашуланбай, қатты қуануға да қорқып өзімді күтүмен болдым. Оның барлығы маған кері әсер беретін. Осы балъзамды ішкеннен кейін мен толығынан айықтым. Бұрынғыдай көп дәрі ішкенді қойдым. Ештеңеге қазір алаңдамаймын. Былтырдан бері өкпе тұсым шаңшып ентікке пайда болды. «Женьшень» балъзамын ішкелі кеудемнің ауырғаны қойып ентіктем де кетті. Жалпы,Қазір өзімді жақсы сезінудемін. Балъзамды әрі қарай да ішуді жалғастырамын.



Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық балъзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

БАЛЪЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек өлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.);
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Имунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларынан болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде.

«ЭЛИКСИР ЖИЗНИ» АҒЗАҢЫЗДЫ ЖАСАРТЫП, ӨМІРІҢІЗДІ ҰЗАРТАДЫ!

Бір курсқа «Эликсир Жизни», «Женьшень – өмір қуаты» – балъзамдарының 8 қорабын қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 4000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша тегін

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20.

Мекен-жайы өзгергені туралы ескертеміз! «Эликсир жизни», «Женьшень – өмір қуаты» балъзамдарының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 мамыр күні сағат 10.00-11.00 аралығында А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).

Газетіміздің келесі саны 5 мамыр, сәрсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел.: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар жететін түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 27683

Тапсырыс №623

Кезекші редактор **Сара АДАЙБАЕВА**